



**ПАТРИОТТЫҚ
СЕЗІМ
ОТАНДЫ
СҮЮДЕН
БАСТАЛАДЫ**

3-бет



**АЛАЯҚТАР
ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ** 5-бет



**ЖАЙЛЫ МЕКТЕП: ҰЛТТЫҚ
ЖОБАДАН ҮМІТ КӨП** 6-бет

ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№24 (3555) 31 наурыз 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨЗГІМЕ

Рауан САҒАДИЕВА, психолог,
арт терапевт, «Ерекше
балалардың ата-аналары одағы»
РҚБ басқарма төрағасы:

ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН: АЛ БЕСІКТІ КІМ ТЕРБЕТЕДІ?

Отбасы – шағын мемлекет. Шағын мемлекетіміздің құрылымы дұрыс болмаса еліміздің жағдайы жақсармасы анық. Соңғы уақытта күйеуі әйелін ұрып-соққан, өртеп жіберген, баласын өлтірген, жаңа туған сәбиді өзгеге сатқан немесе қоқысқа тастаған оқиғалар жиілеп кетті. Яғни, «отбасы» деген ұғымның құнын түсіріп алдық. Қазіргі таңда батыстық менталитетке еліктеп, қазақтығымызды жоғалтып бара жатқандаймыз. Соны еске түсіріп, құндылықтарымызды тағы бір мәрте саралау үшін психолог маманмен сұхбаттасып көрген едік.

– Отбасы құндылығы дегеніміз не?

– Отбасы дегеніміз – кішкентай отан. «Отан – отбасынан басталады» деп бекер айтылмаған. Өйткені, әрбір отбасы белгілі бір қағидалардан құралады. Әрбірінің белгілі бір талап-ереже, дәстүрлері болады. Сол себепті, барлық дүние отбасынан бастау алады. Мысалы, адамның тұлғалық қалыптасуы, оның өмірге, адамдарға, қоршаған ортаға деген көзқарасы. Жалпы, тұлғаны мақсат-мұратқа жеткізетін, шабыт беретін, қуат сыйлайтын да осы – отбасы. Отанды сүю, патриоттық сезім де осы жерден қалыптасады. Ал отбасының құндылықтарына тоқталатын болсам, ғылыми-теориялық түсініктемеде құндылық үш түрлі тармаққа бөлінеді. Олар – дәстүрлі, қазіргі таңдағы және тәрбиелік құндылықтар. Дәстүрлі құндылықтарға отбасындағы қарияларымыздың өнеге-өсиетін жатқызамыз. Яғни, ол жерде қарым-қатынасты, некені сақтап қалу, ажырасуға жол бермеу, ұрпақты жалғастыруға, аманатқа қиянат жасамау деген сияқты дүниелер дәріптеледі.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 4-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«БІЗГЕ ЭКОНОМИКАНЫ ІЛГЕРІЛЕТЕТІН КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ЖАҢА ТОЛҚЫНЫ ҚАЖЕТ»



Осы сәрсенбіде VIII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясы ашылды. Оған дәстүр бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, еліміздің жоғарғы заң шығарушы органының жаңа құрамы алдындағы міндеттерді айқындап берді.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ

ӘР СӨЗДІҢ САЛМАҒЫ АУЫР

Ақпараттар тасқыны артқан кезеңде өмір сүріп жатқан кез келген қоғам мүшесінің жалған ақпаратқа алданып, қоғамдық сананы манипуляциялау секілді теріс әрекеттерге түсіп қалуы бүгінгі таңда таң қалмайтын жағдайға айналды. Қоғам ақпаратты қорытып та, қабылдап та, іріктеп, саралап та үлгермейтін кезеңге тап болды. Бұған қазіргі таңда қарқынды дамып жатқан әлеуметтік желілердің әлеуетін қосыңыз.

Масс-медиа сарапшылары, әлеуметтанушылар мен қоғам белсенділері мұндай кезеңдерден дамыған елдердің бәрінің өткенін, біздің де ақырындап бұндай ақпараттық жанталастан өтетінімізді айтуда. Дегенмен, ол кезеңге күллі қазақстандықтың өтіп, анық ақпарат пен қауесетті ажырататын халге жетуі бүгін-ертең бола қоймайтыны сезіледі. Қоғамдық сананы ұлау, жалған ақпараттар таратып көпшілікті дүрліктіруге қатысты елде әртүрлі жаза да қарастырылған. Десек те, рейтинг бәсекесі шарықтап тұрғанда жалған ақпараттарға тосқауыл болмай тұр. Осы тұрғыда

елдегі заңгерлер, медиа мамандары, сарапшылар ақпаратты тексеру мәселелеріне қатысты әртүрлі тренинг сабақтар өткізуде. Фейк ақпараттармен күрес жолдары іздестіріліп, арнайы //factcheck.kz/ сайттар жұмысын бастады. Олар елде резонанс тудырған ақпараттарды тексеріп, рас өтірігін, манипуляция екендігін саралап, көпшілікке шынайы ақпараттар таратады. Одан бөлек, жекелеген журналистер де осы салада дәрістер өткізіп, өз әріптестерін жалған ақпараттан сақ болуға шақыруда. Ел өмірінде әртүрлі кезеңдер, әртүрлі ауыр жағдайлар болады. Сондай сын сағаттарда

халықты дүрліктіріп, үрейін еселеу арқылы ұпай жинағысы келетін кейбір журналистер әлі кәсіби маман санатында жүр, өкінішке қарай.

Кейде тіпті халық көңілін ірі саяси оқиғалардан бұру мақсатында ел арасында өз хайпын ұйымдастырып жүретін де журналистер бар. Одан бөлек, ажырасып қосылып немесе күйеуіне тоқал іздейтін әнші, әртістер де жетерлік. Және ол ақпаратын өздері ақтап «елді сақтап қалу мақсатында жасадым» деушілер де табылған. Одан бөлек, қоғамдық пікірге ірікті салушылардың арасында халық арасындағы дүрлігісті арнайы қолдан ұйымдастыратындар да бар. Олар өзін тұтқындатады немесе елді алдайды. Артынан оның хайп екенін, пранк екенін айтып ақталады.

Әйелдер мәселесі, елдегі әлеуметтік ахуалдан, әртүрлі әлеуметтік жәрдемақылардан да ұпай жинайтын алдын ала тексерілмеген жалған ақпарат таратушылар жетіп артылады. Бұдан өзге де қоғамдық сананы дүрліктіруге

арнайы жұмыс істейтін блогер журналистер көп. Қалай десек те, елде жалған ақпаратқа қатысты арнайы заң жұмыс істейді. Бұл қай кезеңде болсын елді алдауға болмайтынын, оның жауапкершілігі ауыр екендігін көрсетеді.

Кез келген журналист сөздің салмағын сезінуі тиіс. Әр жазба міндетті түрде бірнеше ақпарат көздерінен тексеріліп, расталып барып қана эфирге, жарыққа шығуы қажет. Адам тағдыры ойыншық емес екенін сезінетін кез келді. Біреудің өмірінен хайп жасап, өзіне ұпай жинау келмекке кетіп барады. Ертең ол тәсілдің де сұрауы болады. Журналистика жүгі ауыр. Салмақты сөз, шынайы ақпарат қана кез келген жазарманды қызметінде сыйлы етеді, ортасында абырой биігіне көтереді. Жалған ұранға, жалған ақпаратқа еру ел ішіне тек қана ірікті салып, бірлік пен тыныштыққа сызат түсіреді.

Ж.ҚҰРМАНБАЙ

ӨНЕРТАБЫС: ІЗДЕНІС пен ІРКІЛІС

Әйгілі ғалым Шоқан Уәлихановтың «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет... Тек ақиқат білім ғана күдік туғызбайды, ол өмірді бағалауға, тұрмыс құруға үйретеді» деген сөздері арада екі ғасыр өтсе де өз маңызын жойған жоқ. Оны Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы (ДЗМҰ) жыл сайын жариялайтын патент саны бойынша әлем елдері рейтингінен де аңғаруға болады.

Бұл рейтинг әрбір елдегі білім мен ғылымның деңгейін анықтаудың және өнертабыс иесіне деген көзқарастың да көрсеткіші іспеттес болып тұр. Халықаралық, ұлттық және аймақтық зияткерлік меншік кеңселерінің директері пайдаланылатын бұл зерттеу әлемде коронавирус індеті таралғаннан кейін сәл саябырсып қалғандай көрінуі де мүмкін. Осы арада ескеретін тағы бір жайт мемлекеттік патенттік қызмет туралы есептер әдетте бір жылға кешігіп келеді. Өйткені олар деректерді ұлттық патенттік ведомстволар шығарғаннан кейін халықаралық салыстыруды талап етеді.

Мәселен, ең соңғы боп жарияланған 2020 жылғы деректе патент саны бойынша әлем елдері рейтингіне 171 ел енген. Онда алғашқы ондықтың ішінде Қытай, АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея, Германия, Үндістан, Канада, Ресей, Австралия, Бразилия тұр. Көшбасшы болып айқындалған Қытай елінде тіркелген 1400661 патенттің 1,2 миллионы резиденттердің, 157 мыңы резидент еместердің үлесіне тиеді. Екінші орындағы АҚШ-тағы 621 453 патенттің 285 мыңы резиденттердің, 336 мыңы резидент еместердің үлесінде. Яғни, өнертабысты тіркеу кезінде әр елдің ішкі және сыртқы әлеуеті де маңызды рөл атқарады.

Өкінішке қарай, өнертабыс иесіне айрықша құқық пен мәртебе беретін патенттерді тіркеу көрсеткіші көршілес елдермен салыстырғанда бізде төмен болып тұр. Атап айтқанда, Иран – 16 (12147 патент), Өзбекстан – 55 (543 патент), Әзірбайжан – 77 (167 патент), Қырғызстан – 88 (93 патент), Тәжікстан – 114 (2 патент) орында тұр. Әлемдік деңгейде тіркелген бірде бір патенті жоқ Қазақстан – 145, Түрікменстан – 166 орынға жайғасыпты. Ал біздің Еуразиялық экономикалық одақтағы серіктестеріміз Беларусь – 62 (393 патент), Армения – 82 (116 патент) сатыда.

Өнертабыс

1999 жылғы 13 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасының патент заңының» 6-бабы бойынша егер жаңа, өнертабыстық деңгейге жеткен әрі өнеркәсіпте қолдануға жарамды дүние болса, өнертабысқа құқықтық қорғау беріледі. Егер ол техника деңгейі туралы мәліметтерде белгісіз болса, өнертабыс жаңа болып табылады. Егер маман үшін ол техника деңгейі туралы мәліметтерден айқын кездеспейтін болса, өнертабыс өнертабыстық деңгейде болады. Техника деңгейі туралы мәліметтер өнертабыс басымдық алған күнге дейін дүниежүзінде жалпы жұртқа мәлім болған кез келген мәліметтерді қамтиды.

Егер өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, денсаулық сақтауда



және қызметтің басқа да салаларында пайдалануға болса, өнертабыс өнеркәсіпте қолдануға жарамды деп табылады. Өнімге (құрылғыға, затқа, микроорганизмнің штаммына, өсімдіктер немесе хайуанаттар клеткаларының көбеюіне), әдіске (материалдық объектімен іс-әрекетті материалдық құралдардың көмегімен жүзеге асыру процесіне), сондай-ақ белгілі өнімді немесе әдісті жаңа мақсатта немесе жаңа өнімді белгілі бір мақсатта қолдануға жататын кез келген саладағы техникалық шешімдер өнертабыс ретінде қорғалады.

Жаңалықтар, ғылыми теориялар және математикалық әдістер; шаруашылықты ұйымдастыру және басқару әдістері; шартты белгілер, кестелер, ережелер; ақыл-ой операцияларын орындау, ойындарды жүргізу ережелері мен әдістері; есептегіш машиналарға арналған бағдарламалар мен алгоритмдердің өзі; ғимараттар, үйлер, аумақтар жоспарларының жобалары мен тәсілдері; бұйымдардың тек сыртқы түріне қатысты ұсыныстар; қоғамдық тәртіпке, ізгілік пен мораль қағидаттарына қайшы келетін ұсыныстар өнертабыстар деп танылмайды. Сондай-ақ, патенттерді адамды клондау тәсілдеріне және оның клонына; адамның ұрықтық желісі жасушаларының генетикалық тұтастығын өзгерту тәсілдеріне; адами эмбриондарды коммерциялық, әскери және өнеркәсіптік мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді.

Өнертабысқа патенттерді беру туралы өтінімдердің сараптама-сын сараптама жасау ұйымы болып табылатын Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын жүргізеді. Өнертабысқа патент өтінім берілген күннен бастап 20 жыл бойы қолданылады. Қолданылуы үшін Қазақстанның рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсаттар алу талап етілетін дәрілік затқа, пест-

тицидке жататын өнертабысқа қатысты айрықша құқықтың және осы құқықты қуәландыратын патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ 5 жылдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін. Көрсетілген мерзім 5 жыл шегеріле отырып, өнертабысқа

патент беруге өтінім берілген күннен бастап өнертабысты қолдануға алғаш рұқсат алынған күнге дейінгі өткен уақытқа ұзартылады.

Қазақстанның бірінші патенті

Ұлттық зияткерлік меншік институтының (QAZPATENT) мәліметіне қарағанда Қазақстан Республикасының бірінші патенті 1997 жылы 16 маусымда Ә.Бектұров атындағы химиялық ғылымдар институты атына берілген. Өнертабыс атауы: «Редоксит», авторы: Е.Ергожин, Б.Мұхитдинова, Р.Бакиров.

Жалпы, 1995 жылдан 2022 жылдың 31 шілдесіне дейін QAZPATENT-тен Қазақстандағы өнертабысқа алдын ала және инновациялықты қосқанда 39 271 патент берілген. Сондай-ақ, пайдалы модельдер бойынша берілгені 7390 патент. Ал 2022 жылғы 1 қыркүйектегі мәліметке сәйкес 5492 патент әрекет етуде.

QAZPATENT жұмысы туралы статистика бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге берілген өтінімдердің жалпы санында зияткерлік меншік объектілерін тіркеуге берілген өтінім саны 2020 жылы – 18364, 2021 жылы – 22413, 2022 жылы – 22836 болды. Ал мемлекеттік қызмет көрсетуге берілген өтінімдердің саны 2020 жылы – 18903, 2021 жыл – 23180, 2022 жылы – 23592 болған.

Егер шетелдік патенттеуге QAZPATENT арқылы берілген өтінімдер санына қарайтын болсақ өнертабыстарға РСТ рәсімі бойынша берілген өтінімдер 2020 жылы – 33, 2021 жылы – 31, 2022 жылы – 24-ті құраған. Еуразиялық рәсім бойынша өтертабыстарға берілген өтінімдер 2020 жылы – 91, 2021 жылы – 81, 2022 жылы – 78-ге жетіп отыр. Сонымен бірге, Еуразиялық рәсім бойынша өнеркәсіптік үлгілерге берілген өтінімдер 2021 жылы – 8, 2022 жылы – 4 болды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

Ғылым қоры коммерцияландырылған жобалардың құны былтыр 2 млрд теңгеге жуықтады. Қазақстанда ғылыми қызметті және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту мақсатында 2006 жылғы 7 қарашадағы Үкімет қаулысы бойынша «Ғылым қоры» акционерлік қоғамы құрылған болатын.

ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР ҚОҒАМ ИГІЛІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын бұл қор қызметінің негізгі мәні елдегі ғылыми зерттеулердің практикалық іске асырылуын қамтамасыз ететін басымды, бастамашылық, тәуекелді зерттеулердің және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың дамуына жәрдемдесу болып айқындалды. Ал 2016 жылдан бері Ғылым қоры ғылыми және ғылыми-техникалық нәтижелерді коммерцияландыруда жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша оператор болып табылады.

Қордың есебіне қарағанда, гранттық қаржыландыру көлемі 2016–2021 жылдары 34 млрд теңгені құраған. Бұл соншалықты аз сома емес. Соның ішінде қаржылық қолдауға ие болған 140 жоба ғылымды қажетсінетін өндірістер құру деңгейіне дейін жетіп, өнімі сатыла бастады. Инновациялық өнімдер мен қызметтерді сату көлемі 26,5 млрд теңгені құрап, 15 өндірістің экспорт көлемі 399,9 млн теңгеге жеткен. Осы аралықта бизнес-серіктестер тарапынан тартылған инвестициялар көлемі 6,8 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар, 44 лицензиялық келісімдер жасалып, 1411 жұмыс орны ашылды.

Ал былтыр коронавирус індеті таралғаннан кейінгі 3 жылда алғаш рет ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (бұдан әрі – FFTҚН) коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған конкурс жарияланды. FFTҚН коммерцияландыруда мамандандырылған ҰҒК-нің қорытындысы бойынша 17 млрд теңге 68 жобаға бөлінді. Ғалымдардың құзыреттіліктерін арттыру үшін 13 семинар, бизнес үшін 17 іс-шара, 3 ТСП – коммерцияландыру алаңы өткізілді. Бұл ғылымдағы ортақ мәселелерді талқылау үшін, ғылыми ізденіске жол көрсету үшін аса маңызды. Сондай-ақ, осы аралықта ғылым жолын тандаған 120-дан астам өтінім иесіне кеңес берілді. Жалпы, 2850 адамның қатысуымен шамамен 33-ке жуық іс-шара өткізілді.

3 технологияларды коммерцияландырудың реакторы Назарбаев университетінің қолдауымен, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасының қатысуымен бірлесіп өткізілді. Реакторлардың қорытындысы бойынша 33 жоба презентацияланды. Олардың ішінде 12-сі конкурсқа өтінім берді, оның жетеуі 331,5 млн теңге мөлшерінде (жобалардың жалпы сомасы – 1, 989 млрд теңге) қаржыландыруға қол жеткізді. 4 жоба 300 млн теңгеден

астам алдын ала қаржыландыру сомасын әлеуетті бизнес серіктестерінен тапты. Сондай-ақ, ғылым мен бизнесті интеграциялау мақсатында Ғылым қорының бизнес-серіктестер клубы – ғылыми жобаларды коммерцияландыруға мүдделі отандық бизнес өкілдерінің қауымдастығы құрылды. Клубта бүгінгі күнде 160 қатысушы бар. Оның ішінде 30 лицензиат, 52 инвестор, материалдық-техникалық базасы қамтамасыз етілген 48 бизнес-серіктес, 30 ментор бар.

Мәселен, биыл 28 ақпанда Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсіптері ғылыми-зерттеу институтының алаңында ғылым мен бизнесті интеграциялау бойынша мамандандырылған диалог алаңы ұйымдастырылды. Онда жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары Ғылым қоры бизнес-серіктестер клубының мүшелеріне, кәсіпкерлерге және әлеуетті инвесторларға ғылыми идеялары мен әзірлемелерін ұсынды. Ұсынылған жобалар қатарында пайдаланылған өсімдік майларын экологиялық тазарту, өртті сөндіру стикерлерін жасау технологиясы, Sprac 3D индустриялық принтер, теңдестірілген құрамы бар функционалды сары май, қатты шырғанақ майы және тағы басқа халыққа қажетті өнімдер болды.

Бұл шараның қорытындысына сай бизнес-кәсіпорындар мен ғылыми ұйымдар арасында FFTҚН коммерцияландырудың 5 жобасы бойынша бірлескен қызмет туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Олар: «Тоқыма өндірісінің қалдықтарын қалпына келтірілген талшық», «Өсімдік майларын қалпына келтіру цехын ұйымдастыру», «Микрокапсулярлық өрт сөндіру стикерлері», «Populus» плантациялық орман өсіру», «Элиталық таңқурай сорттарын вируссız отырғызу материалдарын өндіру».

Былтыр қордың инвестиция және жаңа жобалар департаментінің қарауына 40 жоғары оқу орны мен ғылыми-зерттеу институттарынан 220-дан астам өтінім түскен болатын. 100-ден астам жоба коммерциялық құндылықты анықтау, жоба таныстырылымды ұсынуға және нақтылау үшін онлайн питчтерге қатысты. 31 жоба коммерцияландыруға немесе масштабтауға дайындық бойынша Ғылым қоры сүзгісінен өтіп, «Коммерцияландыру реакторы» диалогтық платформасында ұсынылды. Ал гранттық қаржыландыру туралы мақұлданған 72 жобаның жетеуі онлайн-питчтердің түлектері болған еді.

Е.КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

МАНИПУЛЯЦИЯҒА ЖОЛ БЕРМЕУ КЕРЕК

Астанада терроризмге қарсы орталықтың басшысы – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевтың төрағалығымен орталықтың кезекті отырысы өтті. Оған терроризмге қарсы орталықтың құрамына кіретін мемлекеттік органдардың, сондай-ақ, Бас прокуратураның басшылары қатысты.

Ермек Сағымбаев соңғы уақытта Қазақстанда «жалған терроризм» деп аталатын көріністердің айтарлықтай артқанын, 2020 жылмен салыстырғанда үш есеге өскенін атап өтті. – Интернет желісі арқылы таралатын анонимді хабарламаларға ерекше назар аудары-

лады. Осындай фактілерге қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру мақсатында ҚР Президенті Әкімшілігінің тапсырмасы бойынша отырыста ведомствоаралық іс-шаралар жоспары әзірленіп, мақұлданды. Орта мерзімді перспективада халықаралық және ведомствоаралық



өзара іс-қимылды дамыту, материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз етуді нығайту, сондай-ақ, осы саладағы құқықтық нормаларды жетілдіру бойынша жүйелі шара-

лар кешенін іске асыру көзделген, – деп атап өтті ҰҒК-де.

Тиісті ведомстволардың өкілдері қоғамдық санаға манипуляция жасау және азаматтарды террорлық шабуылдар мен елдегі жағдайды тұрақсыздандыру қаупімен қорқытудың барлық әрекеттері қатаң түрде тоқтатылатынын айтады.

Сонымен қатар, отырыста терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі жедел іздестіру қызметінің міндеттерін шешу аясында арнайы және құқық қорғау органдарының өзара іс-қимыл мәселелері қаралды.

Кеңеске қатысушылар жедел іс-шараларды өткізуге, террористік қылмыстарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша ақпарат және практикалық тәжірибе алмасу тетіктерін жетілдіруге тартылған басшылар мен лауазымды тұлғалардың біліктілігін ұдайы арттыру қажеттігін атап өтті.

А.АХМЕТОВА, «Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«БІЗГЕ ЭКОНОМИКАНЫ ІЛГЕРІЛЕТЕТІН КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ЖАҢА ТОЛҚЫНЫ ҚАЖЕТ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Басты басымдық Қазақстанның қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін қажет сапалы заңнамалық базаны қалыптастыруға берілді. Бұл ретте экономиканың ережелері мен принциптерін өзгерту қажеттігіне айрықша назар аударылды. Бүгінде осы бағытта алғашқы қадамдар жасалып, елден заңсыз шығарылған капиталды қайтару жұмысы жүргізіліп жатқаны белгілі. Тұтастай алғанда, ашық және өзін-өзі қамтамасыз ететін нарықтық экономиканы құру басты тұғыр болып қала береді. Сонымен бірге шағын және орта бизнес экономика мен еңбек нарығының қозғаушы күшіне айналмақ. Шағын және орта бизнесті қолдаудың толыққанды шаралар кешені іске қосылып, ол ел дамуындағы маңызды рөлін толық сезінуі тиіс. Бізге Қазақстанның экономикалық ілгерілеуіне жауапкершілікті өз мойнына ала алатын кәсіпкерлердің жаңа толқыны қажет. Оның өзегін әкімшілік ресурсқа қол жеткізе алмай, кәсіпкерлік қабілеттері мен еңбекқорлығының арқасында табысты бизнес құра алған бизнесмендер құрауы тиіс. Мұндай адамдар әр өңірде бар. Оларға ел ішінде бизнесін дамытуға мүмкіндік беріп, шын мәнінде көмектесу маңызды. Жалпы, Үкіметтің алдында экономиканың негізгі салаларына, оның ішінде шетелдік салаларға қомақты инвестиция тарту міндеті тұр. Олар орта бизнестің дамуына нақты серпін беруге қажет. Бұл мәселеде қағазбастылыққа жол берілмеу керек.

Мемлекет басшысы осы орайда жеке меншікті қорғау және нарықтың бәсекелі болуын қамтамасыз етуде сот және құқық қорғау жүйесіндегі реформаларды жалғастырудың маңызын атап өтті. Кәсіпкерлерді ортақ мекеніміз – Қазақстанды бірге өркендетуге шақырып, оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетінін кепілдік беретінін мәлімдеді. Ал, Үкіметке депутаттармен бірлесіп, ел экономикасын дамытуда басты рөл атқаратын орта бизнесті дамытудың тың тәсілдерін әзірлеуді тапсырды. Алдағы бесжылдық шағын және орта бизнесті қолдауға арналуы керек. Ұлттық жобалар уақытылы және сапалы жүзеге асырылуы, бюджеттің әрбір тиыны тиімді жұмсалыуы керек. Осының бәрине парламенттік бақылау жасау айрықша маңызды. Депутаттар билік пен қоғамның әріптестігін нығайтуға үлес қосуы қажет. Бұл жұмыс «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын орнықтыруға септігін тигізеді.

Іскерлік белсенділікті ынталандыру, ең алдымен, әділ, тұрақты әрі ашық салық жүйесіне



тәуелді екені белгілі. Мемлекет басшысы оры орайда салық саясатының жаңа үлгісін ұлттық байлықты оңтайлы бөлуді қамтамасыз ету, экономикалық белсенділікті көтеру, экономиканың басым салаларын нақты қолдауға бағыттауды тапсырды. Салық кодексі және тұтас салық саясаты түсінікті әрі тұрақты болуы қажет. Парламентте мемлекеттік бюджеттің ең үлкен бөлігін құрайтын корпоративті табыс салығы мен қосымша күн салығын сараптау мүмкіндігі қарастырылса оң болмақ. Ірі кәсіпорындар және шикізат экспортымен айналысатын компаниялар қазынаға көбірек төлем түсірсе, әділдік орнайтыны анық. Бұл әлемде бар озық тәжірибе.

Мемлекет басшысы алға қойға міндеттердің бірі – өткен жылдың соңынан басталған экономиканы демонополизациялау жұмысын жалғастыру болды. Бұл орайда транспорттық баға қалыптастыруда, халықаралық салық салу ісіне, субсидиялар мен мемлекеттік ресурстарды бөлуде бақылауға жол ашатын түсінікті және пәрменді құралдарды енгізу қажеттігіне назар аударды. Осы ретте Парламентке Үкімет пен Бас Прокуратура дайындаған жеке заң жобасын тез арада қабылдауды міндеттеді. Сол секілді бюджет шығындарына қатысты да осындай шаралар қажет. Оларға қатысты Президент мемлекеттік қарызды өтеу, Ұлттық қордан қаржы алу азаймай тұрғанын, барлық деңгейдегі бюджетті тиімді игеруде олқылықтар бар екенін ортаға салды.

Биыл Парламентке енгізілетін Бюджет кодексінде осы мәселелер шешілуі керек.

Сондай-ақ, заңдар мен түрлі ережелерді әзірлеуге қаржы-өнеркәсіп топтары мен ірі бизнес өкілдерінің ықпалын жою өзекті. Жемқорлыққа жол ашқан осы үдерісті қоғамнан жасырмай, заңмен реттеу керек. Өркеніетті елдерде саясат жабық есік жағдайында жасалмайды. Осы лоббистік қызметті заңмен реттеудің және оған бақылау жасаудың халықаралық тәжірибесі зерттелуі керек.

Басқосуда еліміздің өндірістік әлеуетін барынша арттыруға қатысты нақты тапсырмалар берілді. Мұның маңыздылығын Президент: Қазақстан экономикасы әлі күнге дейін пайдалы қазбаларға тәуелді болып отырғанымен байланыстырды. Бізге қарқынды даму үшін күрделі, әртарапты экономикалық құрылым қажет. Қазба байлықты тиімді және үнемді пайдалану үшін заңнаманы жақсартып, рәсімдерді жеңілдету керек. Геологиялық барлау және кеніштерді игеру ісіне инвестиция тарту айрықша маңызды. Үкімет пен Парламент осы салаға қатысты да нақты шаралар әзірлеуі тиіс.

Жер қойнауынан шыққан қазынаның қосымша құнын барынша арттыру керек. Оны сапалы және сұранысқа ие тауарға айналдыру өте маңызды. Бұған дейінгі индустрияландыру жұмысының барысында шикізаттық емес сала ойдағыдай дамыған жоқ. Азық-түлік пен күнделікті

тұтынатын тауардың өзін әлі күнге дейін сырттан сатып алып отырмыз. Инфляцияның өсуіне басты себептің бірі – осы. Сондықтан елдің ішкі сұранысын өтеуге қатысты бір негізгі ұстаным болуға тиіс. Ең алдымен, ішкі нарыққа бағытталған өңдеу өнеркәсібін дамыту қажет. Өңдеу өнеркәсібін инновация мен жоғары технология ғана жедел дамытады. Сол себепті Қазақстан экономикасы ғылыми жетістіктерді негізге алуы керек. Зерттеу жүргізіп, патент алу жеткіліксіз. Ғылыми жаңалықтарды өндірісте пайдалану қажет. Ол үшін ғылымды жан-жақты дамытуға жол ашатын жаңа заң қабылдану керек.

Баса мән беру тапсырылған мәселенің бірі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды. Бұл тұрғыда Президент агроөнеркәсіп саласы бойынша саясаттың бірізді еместігін, мемлекет тарапынан бөлініп жатқан қаражаттың тиімді жұмсалмайтынын, өндіруші мен тұтынушы арасында делдалдың көптігін айта келіп, Ауыл шаруашылығы саласындағы реформаларға сапалы заңдар қажеттігіне назар аударды. Бұл жұмысқа «Ауыл» партиясы өз үлесін қосу керек. Мемлекет басшысы дайындалып жатқан су кодексінде ғылыми ұстаным, инновация, халықаралық озық тәжірибені басшылыққа алуды тапсырды.

Жаңадан қабылданатын заңдардың бір парасы адам капиталының сапасын барынша арттыруға бағытталатыны белгілі болды. Бұл орайда білім сапасын, әсіресе, орта білімнің деңгейін арттыру үшін батыл шешімдер керек. Педагогтарды дайындау ісін жетілдіру үшін нақты шаралар қабылданып, білім беру жүйесіндегі менеджментті жақсартуға баса мән берілуі тиіс. Осы салаға кәсіби мамандарды тарту қажет. Сонымен қатар денсаулық сақтау жүйесін тиімді ету, еліміздегі медицина инфрақұрылымын жақсарту қажеттігі айтылды. Медицина қызметкерлерінің құқығын қорғауға көп көңіл бөлу тапсырылды. Олардың әлеуметтік жағдайы да назардан тыс қалмауға тиіс. Осыған қатысты арнайы заң жобасы Парламентте бір жылға жуық талқыланды. Бұл құжатта, негізінен, дәрігерлердің жауапкершілігін сақтандыру ғана көзделген. Онда аталмыш мәселелер де қамтылуы тиіс.

Міндеттемелер сонымен қатар мәдениет саласындағы, әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарды қолдау, өмірдің барлық саласындағы заң үстемдігін қамтамасыз етуге қатысты айқындалды. Соңғы мәселеге орай әрбір азаматтың сапалы заң қызметіне тең деңгейдегі қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін мемлекет әлеуметтік әлсіз топтарға қолдау жасау, адвокаттар рөлін көтеру, заңдарымыздың Конституцияға толық сай болуы керектігі айтылды. Сапалы заңнамалардың тез қабылдануына әкімгершілік кедергі келтірмеу. Мемлекет басшысының айтуынша, Үкімет бұл мәселеге қатысты шешім қабылдауға асықпай отыр.

Тұтастай алғанда Президент Жаңа Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарын айқындады. Депутаттардың бұл істегі рөлі, жауапкершілігі ұқтырылды. Парламент пен мәслихаттарға әрдайым бірлесе жұмыс істеу жүктелді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

МЕНИҢ ЕЛІМ

ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМ ОТАНДЫ СҮЮДЕН БАСТАЛАДЫ

Әрдайым Қазақстанда патриоттық тәрбиеге баса назар аударылып келеді. Себебі, елдегі тыныштық, ұлтаралық келісім, толеранттылық, ел тұрғындарының ашықтығы мен ізгі мінезі, үлкенге құрмет, әдептілік пен сыпайылық дәстүрлері, қонақжайлылық, өзара көмек көрсету сияқты өзіндік құндылықтар дамыса, біртіндеп ұлттық патриотизмге, отансүйгіштікке ауысады.

Қазіргі таңда Қазақстан – түрлі этнос өкілдері арасындағы татулық пен келісім сақталған бірегей мемлекет. Түрлі этнос өкілдері Қазақстанды Отанымыз деп есептейді. Елін, жерін сүйеді. Өз елінің патриоты. Оның үстіне, ұлтаралық татулық пен келісімнің қазақстандық моделі басқа елдердегі аналогтармен салыстырғанда озық. Демек, қазақстандықтардың патриоттық тәрбиесі Отанды сүйге негізделген. Отанды сүйген ұлан ұлтына, салт дәстүріне қарамайды. Отаны бірдің жүрегі де, тілегі де бір.

Қазақстандық патриотизм тұғыры негізінен бірнеше факторларға негізделген. Бұл мәселеде ел басшылығының саясаты жетекші рөлге ие. Тәуелсіздігіміздің алғашқы күнінен бастап мемлекетімізде тұратын түрлі этностардың өкілдеріне отансүйгіштік көзқарасты қалыптастырудың мақсатты және дәйекті саясаты жүргізіліп келеді.

Еліміздегі бейбітшілік пен келісімді сақтауда ежелден келе жатқан өзара түсіністік пен тату көршілік дәстүрлерінің маңызы зор. Республиканың барлық диаспоралары қолданыстағы заңдар мен жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері аясында өздерін жайлы

сезінеді. Бір-бірінің салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының жақсы және жағымды жақтарын өзара қабылдау біздің азаматтар үшін қалыпты жағдайға айналды.

Түрлі этнос өкілдері арасындағы татулықты қамтамасыз етуде қазақтардың ерекше менталитетінің маңызды рөлін атап өткен жөн. Қазақстан азаматтары осы уақытқа дейін оларды одан әрі өркеніеті жетілдірілген түрде дамытып келеді.

Біріншіден, ол Қазақстан халқының ашықтығы мен жақсы мінезі. Ұлы дала тұрғындарының бойында қашанда мейірімділік, адамгершілік сияқты қасиеттер жетерлік. Осы орайда Ш.Уәлиханов: «Қазақ халқы жер бетіндегі ең мейірімді халықтардың бірі» деп жазды. Сондықтан Қазақстанның байырғы тұрғындары арасында өзге этностар мен конфессиялардың өкілдері достық пен келісімде өмір сүреді. Жақсы мінезді, қайырымдылықты тек қазақтар ғана емес, олардың алық-жақын ата-бабалары – сақтар, ғұндар, ортағасырлық түріктер, қыпшақтар да иемденді. Ғұндардың күш-қуатының бір себебі олардың соғыс тұтқындарына төзімділігі болса керек.

Екіншіден, үлкенді сыйлау –

еліміздің азаматтарының басты құндылықтарының бірі. Ұлы далада үлкендерге құрметпен қарау дәстүрі қашанда болған. Үлкенді сыйлау дәстүрі бүкіл дала қауымына тыныштық пен тұрақтылық сыйлады. Ұлы дала тұрғындарының сана-сына үлкенді құрметтеу негізгі мінез-құлық қағидасы ретінде енгізілді, оны ұстанған адам өмірде елеулі табыстарға қол жеткізіп, халықтың құрметіне ие болады. Жиналған білім, білік, дағды ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырды. Дала бұл ережені кемелдікке жеткізді.

Үшіншіден, қазақтың қонақжайлылық дәстүрі мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан. Бүкіл түркі әлемі бүгінге дейін құрмет тұтатын Қорқыт-Ата бабамыз «Қонақ келмеген үйдің құлағаны жақсы» деп қонақ күту әдет-ғұрпын берік ұстануға өсиет еткен. «Қонақтың сыбағасы» міндетті түрде кез келген дала тұрғынының үйінде арнайы бөлек сақталатын болған.

Бұл туралы XIX ғасырдағы Қазақстанды зерттеуші неміс ғалымы Ф.Фон Хельвальд «Қырғыз-қайсақтар» (қазақтар) аса қонақжай, бейтаныс адам тонаудан, өлтірілуден қорықпай, киіз үйде тыныш ұйықтай алады» деп жазды. Ұлы дала тұрғындарының бұл қасиетін француз зерттеушісі Ш.Е. Ужалдин де Мезе-Ковез: «Адамдық қасиеті жағынан қазақ жайдарлы, ашық, ақылды, шыншыл, өте қонақжай. Олар шетелдіктерді тамаша қонақжайлылықпен қарсы алады» деген екен.

Қазақтың көне аңызында Қыдыр әулие үйлерді аралап, оларға бақыт пен береке әкеледі. Осыған сенген қазақ қашанда қонақты лайықты қарсы алуға тырысқан. Тамақсыз, баспанасыз қалған саяхатшы дала биіне шағымдануы мүмкін, ал қонақасынан бас тартқандар жұртшылықтың сынына ұшырады. Тіпті, киелі қонақжайлылық әдет-ғұрпын сақтамағаны үшін сараң қожайындар айыппұл – ат-тон айыппен жазаланатын болған. Жер аударылған поляк А.Янушкевич те қазақтардың қонақжайлылығы туралы: «Егер қазақтар жер шарының бойына қоныстанған болса, олардың арқасында бір тиын шығынсыз жер шарын кезіп шығуға болатын еді», – депті ерекше ризалықпен.

Далалық ата-бабаларымызға тән ғұрыптың бірі бір-біріне деген әдепті, сыпайы қарым-қатынасы болды. Халқымызда жастар үлкенді немесе бейтаныс адамдарды «аға», «ағатай», «ата», «апа» сияқты сөздерді қолданып, «сіз» деп атаған. Тұрмысқа шыққан әйелдер күйеуінің кіші іні-қарындарына еркелетіп, оларға шырағым, жарығым, қалқан секілді ерекше есімдер қойған. Басқа туыстары жаңа эвфониялық есімдер ойлап тапты. Дала тұрғындары үшін жүкті әйелдер мен қарттардың жолын кесіп өтпеу де айнымас дәстүр болды. Келіндер қайын атаға, күйеуінің үлкен ағаларына жүздерін көрсетпеуге тырысты. Иесі жоқ үйге жақын туыстарынан басқа кемелетке толған ер адамның үйге кіруге құқығы болмады. Үйге кіре берісте дала тұрғындары қаруларын үнемі киіз үйдің артында қалдыратын. Ханның кіре берісінде тіпті қамшы да қалды.

Қазақ өзгеге көмек көрсету арқылы өз бауырына тартты. Ол өзгелердің тек бір ұлтқа ғана емес, күллі Отанға деген патриоттық сезімін оятты. Ұлы далада қоғамды біртұтас, ынтымағы жарасқан халыққа біріктірген өзара көмек

дәстүрлері ежелден қалыптасқан. Өзара көмек көрсетудің мәні қақаған қыста, өрттен, су тасқынынан немесе аштықтан зардап шеккен отбасыларға ауыл тұрғындары немесе құрдастары тарапынан қомақты материалдық көмек көрсетілді.

Дала жұртшылығын біріктірген де осы патриоттық сезім. Қазақстанды сүйе кез келген азаматтың ұрпағының кемел өмір сүруіне ашылған жол. Сол себепті де олар балаларын отансүйгіштікке, өздері мекен еткен елдің ұлттық рәміздерін, Туын, Елтаңбасын, Әнұранын, киелі ұғымдарын кәдір тұтуға үйретті. Соның арқасында Қазақстан бүгін көп ұлтты бола тұра татулықта, бірлікте өмір сүріп келеді.

Сол секілді асар жасау да дала тұрғындарының ортақ ақысыз еңбек ету дәстүрі болды. Ауылдың түкпір-түкпірінен адамдар жиналып, бірігіп еңбек етті. Мысалы, осылайша малға үй-жайлар, қыстаулар тұрғызды, құдық қазды. Асар – ағайын-туыстың бірлігі мен татулығының жарқын көрінісі. Барлығы тегін жұмыс істейді, сыйақы күтпейді. Жарияланған асарға келмеу лайықсыз қылқы болып саналып, үнемі айыпталатын.

XX ғасырдың басында қазақтар осы әдет-ғұрыпты пайдаланып, барлық жерде зайырлы мектептер мен мешіттер салды. Бірте-бірте бұл әдет-ғұрыпты әр түрлі жағдайларға байланысты облыс аумағын мекен еткен басқа халықтардың өкілдері де ұстана бастады. Даланың әрбір тұрғыны мұқтаж жандарға көмектесуге тырысты.

Отан деген киелі ұғым, оның рәміздері мен ұлттық құндылықтары адам тандамайды, ұлтты бөлмейді. Керісінше, бір ғана мүдде отанды сүйе, өз ұлтының патриоты болу қағидаттарына ұйытады, мәуелі көк тудың аясына мәңгілікке топтастырады.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кез келген отбасының басты мақсаты – бақытты өмір сүру. Соған сай қазіргі таңдағы трендтегі құндылықтарға: қолдау көрсету, көмектесу, кешіру, түсіну, қабылдау, бір-біріне сүйіспеншілікпен қарау жатады. Алайда, дәстүрлі құндылықтар сақталмағандықтан, бұлардың бәрі ескерілмей қалады. Кей жағдайда дәстүрлі құндылықтармен өмір сүретін отбасыларда екеуара болған әңгімелердің сыртқа шығуы орын алып жатады. Одан әрі, ерлі-зайыптылар бір-бірінің үстінен арыз жазып, ток-шоуларға шығып, қасықтап жинаған абыройларын шелектеп төгіп жатқанын көріп жүрміз. Мұндай отбасында түсінуге, қабылдауға, кешіруге, қолдауға, махаббатқа орын болмай қалады. Тәрбиелік мақсаттағы құндылықтар – адамның өз-өзімен жұмыс жасауы. Отбасында қыз баланың алғашқы

деген алғашқы махаббаты анасынан басталады. Өйткені, ол анасына қарап, болашақта өзіне жар таңдайды. Жалпы, қаншама жылдар бойы қалыптасқан, дәстүрге сай қағида әйел үйдің, еркек түздің адамы. Яғни, еркектің мақсаты – қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азық табу, қаржылай қамтамасыз ету. Ал әйелдің міндеті – үй ішіндегі, отбасындағы үйлесімділікті сақтау, ұрпақ жалғастыру, ер-азаматының әкелген дүниелерін орынды қолдану. Ерінің түзде жүріп, жолының болуына, жетістікке оңай жетуіне әйелінің тікелей қатысы бар. Әйел күйеуінің ырыс-несібесін арттырып, жаманын жасырып, жақсылығын асырып, мақтап, шабыт беріп, балаларының алдында әкесінің дәрежесін көтеріп отырса, отбасындағы көп мәселелер оң шешілетін еді. Өкінішке қарай, қазіргі көп әйел қауымы бақытын түзден іздеп жүр. Ал табиғаттан берілген, Алланың сыйына қарама-қарсы дүние жасалып жатқан соң, отбасының берекесі кетіп жатыр. Қазіргі уақытта кей әйелдер табыс тауып, күйеулері үйде бала тәрбиесімен отыр. Статистика бойынша мұндай жағдайлар көп деп айта алмаймыз, дегенмен де

– Бала тәрбиесінде ата-ананың алар орны қандай? Неліктен көп жағдайда тәрбиеге ананы ғана міндетті санаймыз?
– Әрине, бала тәрбиесіне келген кезде әкенің де, ананың да орны өте маңызды. Жалпы, энергетикалық тұрғыдан бала мен ана бір энергиялық поляда болатыны сөзсіз. Демек, тәрбие балаға жатырда жатқан кезінде, дүниеге келген соң сүт арқылы 90 пайызға жуығы анасынан беріледі. Тәрбиенің ең үлкен көрінісі және кілті – әркім өзін тәрбиелеуі. Өздеріңіз естіген боларсыздар, «Баланы тәрбиелеме, өзіңді тәрбиеле» деп жатады ғой. Бала көзбен көргенін қайталайды. Ол бастапқы өмірді қабылдау кезінде баланы байланысты. Ал қазір әр ата-ана баланы тәрбиелемес бұрын, өз-өздерін тәрбиелеп жатырма? Өздері адал ма, еңбекқор ма, кешірімді ме, иманды ма, кішіпейіл ме? Бірақ бала тәрбиесінде ең бірінші орында ана тұратынын жоққа шығара алмаймыз. Табиғи, рухани тұрғыдан да бала мен ананың тығыз байланысы болғандықтан, баланың өміріне басымдылықпен әсер ететіні – анамен қарым-қатынасы. Өйткені,

балаларды алып кетті. Сонымен қатар, әкесі болсын, анасы болсын, болған қылмысты ешқандай ақтап алуға болмайды! Бұл – адамға қарсы, балаға қарсы жасалған қылмыс. Адамдыққа да, заңға да қайшы іс-әрекет. Сондықтан оны ақтап алатындай ешқандай мүмкіндік жоқ. Екі өмірде де жазасын алады деген сенімдемін.
Мұндай әрекеттерден тыйылу үшін, ең бірінші біз заңдардың дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз етуіміз керек. Мемлекет тарапынан заңдар қатаң түрде қадағалануы тиіс. Құқық қорғау органдарының жұмысын күшейту керек. Яғни, біздің елімізде теріс ағымдағы адамдардың жүруі дұрыс емес. Бұл – ҰҚК-нің, биліктің жіберіп отырған өрескел қателігі. Отыз жылдан бері біз идеологияны, заңға сәйкес жазалауды, Конституциялық заңның жұмысын босаңсытып алдық. Сот та, аурухана да, прокуратура да дұрыс жұмыс жасамайды. Жалпы, осы уақытқа дейін өз жұмысының мәнін толық түсінбеген, жетік білмейтін мамандар осындай жүйенің бұзылуына әсер етті. Өйткені, заңға бей-жай қарап, теріс ағымдағы адамдардың

Рауан САҒАДИЕВА, психолог, арт терапевт, «Ерекше балалардың ата-аналары одағы» РҚБ басқарма төрағасы:

ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН: АЛ БЕСІКТІ КІМ ТЕРБЕТЕДІ?

ер адамға деген махаббаты әкесінен басталады. Яғни, қыз әкесіне қарап, ерлі-зайыптылар мен ата-ананың қарым-қатынасы қандай болатынын түсінеді. Сондықтан шариғат шеңберімен алып қарасақ та, ер адам үшін әйелі мен бала-шағасы аманат ретінде беріледі.

– Отбасында ер адамның жауапкершілігі жоғары екендігін айтып жатырсыз. Қазіргі таңда ерлі-зайыптылардың орны ауысып кеткен жоқ па? Табысты әйел тауып, баланы әкесі тәрбиелегені қаншалықты орынды?

– Негізінде барлық заңдылықтар бойынша ер-азаматтар көп нәрсеге жауапты. Бірақ әйел адамның да өз жауапкершілігі бар. Мысалы, қыз баланың өмірге деген көзқарасының дұрыс қалыптасуына анасы әсер етеді. Ал ұл балалар үшін әкесі үлгі болады. Ұлдың әйел адамға

отбасында ондай дүниелер болмауы тиіс. Менің жеке пікірім, отбасын құрған кезде ерлі-зайыптылар ашыда да, тұщыда да, ыстықта да, суықта да бірге боламыз деп серт береді. Алайда, өмір болған соң, Алла тағала әр отбасыға түрлі сынақтарды береді. Мысалы, біреуге денсаулығында кінәраты бар бала береді, біреу бар ақшасы лезде жоқ болып, материалдық тұрғыда сыналады. Тағы біреу денсаулығымен сыналады. Сол сынақтарға төтеп бере алмаған отбасы, соңында айырылысып жатады. Ал егер осы сынақтарға бірге төзіп, уақытша жағдайларға байланысты әйел адам табыс тапса, ол түнікті жағдай. Яғни, отбасының ырыс-несібесі осы әйелмен келіп жатыр деп қабылдай аламыз. Өкінішке қарай, жоғарыда мен атап өткен үш құндылық сақталмағандықтан, көп дүниенің орны ауысып, ұсақталып, жоғалып кетіп жатқан жайы бар.

ана – баланың әкеге, әкенің балаға деген көзқарасын қалыптастырады. «Материнский инстинкт» деген содан пайда болған. «Тәрбие тал бесіктен» дегенде, бесікті кім тербетеді? Әрине, әйел адам.

– Соңғы жаңалықтар бойынша, Ақтауда әкесі 3 баласын өлтірген. Бұл жағдайға кінәлі деп кімді айта аламыз? Осындай оқиғалардың тыйылуы үшін қандай әрекеттер керек?

– Естіген кезде жүрегім қарс айырылды. Кімнің кінәлі, кінәлі емес екендігін сот шешеді. Бұл оқиға бойынша мән-жайды толық білмеймін. Бірақ оқиғаның бойынша, бұл ажырасқан отбасы екен. Күйеуі балаларын үйіне алып келген. Әрине, ақпараттың рас-өтірігін білмеймін. Бірақ болған оқиғаға 100 пайыз ер адам кінәлі деп есептеймін. Өйткені, ол саналы түрде

елге кіріп кетуіне біреу жол берді ғой. Соларға тосқауыл болмағандардың кесірінен, жастардың да миларын улап жатқан дүниелер көп. Қазіргі таңда тоқтаусыз келіп жатқан ақпарат ағынында адамдар ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігінен адасып қалды. Сондықтан бұл жерде киберқауіпсіздік болуы керек. Яғни, ғаламторда, әлеуметтік желіде келіп жатқан ақпараттарды саралайтын мекемелер мықты жұмыс жасауы керек. Мұндай болып жатқан қылмыстардың алдын алу жұмыстарын жақсарту қажет. Яғни, профилактикаға көңіл бөлген жөн. Сонымен қатар, қылмыс жасаған адамдармен жан-жақты жұмыс жасалуы керек.

– Рауан ханым, уақытыңызды бөліп, отбасы құндылықтарын жіктеп айтып бергеніңізге көп рахмет! Ісіңізге береке тілеймін!

КЕСЕЛ

ТЕКСЕРІЛМЕГЕН АҚПАРАТ ЕЛДІ АДАСТЫРАДЫ

Қазіргі таңда ел алдында атақты болу да, атыңды жер өртемей-ақ шығару да оңай. Оған әлеуметтік желілердің үлесі зор. Ақпараттың рас-өтірігін тексерместен жариялап, өзін жүлдезі санайтындардың саны артып келеді. Бұл – өзекті, қоғам мәселесі. Өйткені, екінің бірі қоғам санасын улап, өз дегеніне қарай ертіп барады.

Статистикалық көрсеткіш бойынша, әлемде әлеуметтік желіні қолданушылардың саны 4 жарым млрд-тан асқан. Яғни, бұрынғы кездегі сияқты ақпаратты БАҚ-тан емес, әлеуметтік желілерден алу жиіледі. Соның әсерінен, болмағанды болдырып көрсететіндер көбейді. Ал осы тұста «біз ақпараттың жалған екендігін қалай білеміз?» деген сұрақ туындайды.

Ең бірінші, шынайы ақпарат халыққа хабарлау тұрғысында беріледі. Ал жалған ақпарат адамға эмоция тудыруға итермелейді. Оқыған адамды қорқытуы, уайымдатуы, ойландыруы мүмкін. Ол ақпараттың мақсаты – қоғамда резонанс тудыру.

Екіншіден, ақпаратта мамандар өз пікірін білдірген болса, сол аты-жөндерді ғаламторға жазып, қарап шығыңыз. Кей кездері есімдері мүлдем жоқ болуы да мүмкін.

Үшіншіден, сурет, бейнежазба түрінде келген ақпарат болса, суретті ғаламторға, ал бейнежазбаны ютуб желісіне салып көруге болады. Сол жерден жазбаның қай күні түсірілгені көрсетіліп тұрады.

Ал соңғы уақыттардағы инстаграм желісіндегі дінге қатысты теріс әрекеттерді, сол саланың маманынан сұрау арқылы оның рас-өтірік

екендігін біле аласыз. Егер оқып-түйгендеріңіз болса, ол ақпараттардың ақылға қонымсыз екенін бірден байқалады. Сондықтан әр тұлға білімін арттырып, заң тұрғысынан да сауатын жоғарылатқаны жөн.

Жалпы жалған ақпаратты таратқандарға ҚР Қылмыстық кодексінің бірнеше баптары бойынша жаза қарастырылған:

174-бап. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру. Жария немесе бұқаралық ақпарат құралдарын, телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздырса: екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

273-бап. Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау 5000 АЕК мөлшерінде айыппұл салу; түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

274-бап. Көрінеу жалған ақпарат тарату Қоғамдық тәртіпті бұзу немесе азаматтар-



дың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру қаупін төндіретін көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін: 1000 АЕК-ке (2 651 000 тг) дейінгі мөлшерде айыппұл салу; түзеу жұмыстарына не 400 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту; бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте жалған ақпарат тарату келесі екі баппен қаралады және айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданылады.

439-бап. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлау: жеке тұлғаларға ескерту жасауға не 20 АЕК (53 020 тг) мөлшерінде айыппұл салуға; әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет үшін 40 АЕК (106 040 тг) мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

456-1-бап. Ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу: Көрінеу жалған ақпаратты БАҚ-та, ақпарат иеленушінің интернет-ресурсында, ашық деректер интернет-порталында немесе Қазақстан заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен орналастыру; лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – 30 АЕК (79 530 тг); орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 50 АЕК (132 550 тг); ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 100 АЕК (265 100 тг) көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады; әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалса айыппұл мөлшері екі есе көбейеді.

Қазіргі уақытта жалған ақпараттардың көбеюіне тиісті жазаның дұрыс қолданылмай жатқаны әсер етіп жатқандай. Әркім өзімен қатар халық алдындағы жауапкершілікті сезініп, кез келген ақпаратты жариялаудан сақтануы керек. Егер қоғам санасын улаған болса, заңға сәйкес өз жазасын алуы тиіс. Әрі халықтың құқықтық сауатын арттыруға күш салу қажет.



АЛАЯҚТАР ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ

Интернет біздің өмірімізге мықтап енді. Жыл өткен сайын адамдар бос уақытын көбірек виртуалды әлемде өткізетін болды. Мұнда олар жұмыс істейді, демалады, қарым-қатынас орнатады, тіпті өмірлік серігін де тауып жатады. Статистикаға сүйенсек, қазақстандық отбасылардың 30 пайыздан астамы таныстықтарын желіде бастаған және олардың саны жыл сайын артып келеді. Бұл міндетті түрде арнайы сайттарда танысты деген сөз емес. Біреу әлеуметтік желіде ұнатқан адамның әдемі суретіне лүпіл басады немесе мессенджерде хабарлама қалдырады. Сөйтіп, қалай десеңіз де, адамдардың таныстығы бастау алады.

Желідегі таныстық

Желіде танысу алаяқтар үшін өте тиімді болып тұр. Мәдина есімді бойжеткен танысу сайттарының бірінде қарағандылық Қайратпен танысқанда, екеуінің әңгімесі бірден жарасып жүре берді. Басқа жігіттердей емес, әйел затына деген қамқорлығы ерекше, дөрекілігі жоқ, арасында өзіне жарасатын жеңіл әзіл-қалжыңы бар жігітпен әр сөйлескен сайын Мәдинаның қуанышында шек болмады. Қайрат бірнеше рет телефон нөмірін сұрағанмен, Мәдина оны беруге асықпады. Өйткені, бойжеткен сезімге толы хат алмасудың әлі де жалғаса түскенін қалаған еді. Жігіттің әдемі сөздері жүрегіне жетіп, сезімге елтіп, бақыттан басы айналған бойжеткен екеуінің үйлену тойын көз алдына елестетіп, тіпті болашақ перзенттерінің есімін де ойластырып қойған еді.

Бірақ кейбір жайттар Мәдинаны ойландырып тастады. Әңгіме барысында жігіттің Қарағандыны білмейтіні байқалып қалды. Тіпті, басты көшелерінің өзін шатастырды. Сондай-ақ, бірнеше рет қылмыстық ортада пайдаланылатын сөздерді де айтып қалды. Кезекті хат алмасу барысында Қайрат Мәдинаны басқа қыздың атымен атады. Одан қалса, қиналып тұрғанын жеткізіп, ақшалай көмек сұраудан да намыстанбады. Осыдан кейін көңіліне күдік кірген Мәдина ойындағысын ішіне бүгіп қалмай, жігіттің өзіне тікелей айтты. Басқа амалы қалмаған Қайрат шынын айтып, мойындауға мәжбүр болды.

– Иә, қазіргі таңда мен төбелескенім үшін темір тордың арғы жағында жазамды өтеп жатырмын. Көптеген қыздармен желіде хат алмасып тұрамын. Өзім Ресейдемің, енді екі жылдан соң бостандыққа шығамын. Егер мені күтсең, Қазақстанға келіп, сені алып кетемін, екеуіміз бақытты отбасы боламыз, – деді бұлбұлша сайраған жігіт.

Бірақ Мәдина бұған келіспеді, телефон нөмірін бермегеніне қуанды.

Батырханның да басынан өткен хикаясы Мәдинаның оқиғасына ұқсас. Әлеуметтік желідегі парақшасын белсенді жүргізетін Батырханның төрт мыңдай жазылушысы бар. Бірнеше постың астына лүпіл басып, ағылшын тілінде пікір қалдырған бойжеткен бірден көзіне түсті.

– Кім екенін білгім келіп, парақшасына кірдім. Әскери киім киген

Азаматтар да алданады

Мәдина мен Батырханның сақтық танытудың арқасында жолы болды. Бірақ монитордың ар жағында әдемі сөйлеген алаяқтарға алданып қалғандар аз емес. Олардың арасында арулар да, азаматтар да бар. Ақмола облысының полиция департаментінде мұндай жағдай-



сымбатты да сүйкімді қыздың суреттерін көрдім. Бірде ата-анасымен, тағы бірде итімен түскен екен, – дейді Батырхан.

Екеуара әңгімеде Миранда өзінің АҚШ-тан екенін, бірақ қазіргі уақытта бітімгершілік миссиясымен Ауғанстандағы қызметте екенін айтты. Сөз арасында бойжеткен бір айдан кейін отставкаға шығатынын, әскери қызметі үшін көп мөлшерде сыйақы алатынын тілге тиек етіп, қарулы қақтығыстар мен соғыстан аулақ, бейбіт елде жаңа өмір бастағысы келетін ойын білдірді. Қазақстан туралы сұрастырып, өзіне Батырханның ұнап қалғанын, қызмет аяқталғаннан кейін көшіп келуге дайын екенін жеткізді.

Қыздың әңгімесінен сезіктеніп қалған Батырхан «Бұған не керек екен?» деп әліптің артын күтті. Бір күні Миранда бірер күнде қомақты ақша алып, Қазақстанға билет алғалы отырғанын айтты. Бірақ интернеттегі ғашығынан аздаған көмек керек екен. Миранда қолындағы қомақты қаржыны қазақстандық банктерге аудару үшін бар болғаны бес мың доллар салық төлеуі қажет. Егер Батырхан осы ақшаны салып жіберсе, келген соң қайтаруға уәде береді.

Батырхан мұндай ұсыныстан бірден бас тартты, бұған қыз, әрине, қатты таңқалды. «Мойындаңызшы, сіз алаяқсыз ғой», – деген Батырханға Миранда: «Жоқ, сен менің махаббатыма сенбедің. Көз жасымды тыя алар емеспін», – деген мазмұнда жауап жазды. Бұл одан келген соңғы хабарлама еді. Сол түні-ақ «Миранда» аккаунты жойылды.

Жуырда облыс орталығында болған тағы бір оқиға жұртшылықтың жағасын ұстатты. 22 жастағы Көкшетау қаласының тұрғыны танымал желі арқылы бір қызбен танысады. Жалдамалы пәтерде кездесуге келісіп, көңілі алып-ұшып жеткен жігітті бойжеткеннің орнына үш жігіт күтіп тұрыпты. Олар жігітке пышақ тақап, «кәмелетке толмаған қызды зорламақ болдың, сол үшін ақысын төле» деп қорқытып, 1,5 млн теңгеге бірнеше несие рәсімдегіп алған.

Жігіт олардан құтылған бойда полиция бөлімшесіне барып, зорлық көрсеткендердің үстінен арыз түсірген. Қазіргі таңда төртеуіне қатысты қылмыстық іс қозғалды. Ал осы шытырман оқиғаның басты кейіпкері болған бойжеткен небәрі 15-ақ жаста екен...

Шетелдікке шексіз сеніп...

Махаббат майданында алаяқтың құрбаны болған тағы бір жан – Шортанды қаласының 71 жастағы тұрғыны. Зейнеткердің айтуынша, 2022 жылдың шілде айында Уильям Альберт есімді дәрігермен танысқан. Өзін америкалық нейрохирург деп таныстырған азамат кейуананы БҰҰ-ның бағдарламасымен Сирияда қызмет етіп жатырмын деп сендірген. Ардада біраз уақыт өткенде, шетелдік Қазақстанға келетін ниеті бар екенін айтып, оған әйелдің жазбаша келісімі қажет екенін жеткізіпті. Оған кәміл сенген кейуана дереу аталған құжатты жібереді.

Шамамен екі күн өткен соң, әйелдің электронды поштасына «Біріккен Ұлттар Ұйымынан» хат келеді. Онда «Уильямның» ұшуының қауіпсіздігі үшін 2 мың АҚШ долларын төлеу қажет екені айтылған. Алайда алаяқтар тек мұнымен шектеліп қалмаған. Алты ай бойы күткен рейсі әртүрлі себептермен «кешіктіріле» берген, ал әйел әр жолы ақша аудары берген.

Жаңа танысу туралы, оған аударып жатқан ақша жайында әйел туыстарына тіс жармаған. Сөйтіп, ақмолалық әйел алаяқтардың есепшотына жалпы саны 10 200 АҚШ долларын немесе 5 млн теңгеге жуық қаржы аударған. Ақшаны ағайын-тумасынан қарызға алған, банктен несие рәсімдеген. Қазіргі таңда тергеу жұмыстары жүргізілуде, ақша аударғаны туралы түбіртектері мен хат алмасулары іске тіркелген.

Таныстық та табыстық

Дегенмен, ғаламтор арқылы өз махаббатын табу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Оған желі арқылы танысып, жүректері табысып, жұп болған ерлі-зайыптылардың махаббат хикаялары дәлел.

Ақмолалық Асылбек арада 25 жыл өткенде сыныптастар чатында өзінің мектептегі алғашқы махаббатын кездестірді.

– Біз Айнұрмен бірнеше жыл бір партада отырдық. Мен оның қасында отырғанда, жүрегім тулап, тынысым тарылатын. Бүкіл мектеп менің оны жақсы көретінімді білетін еді. Ал ол маған тіпті назар да аудармады. Өзі сондай сұлу, белсенді, би билейді, ән айтады, мектептің халық аспаптар ансамблінде домбыра тартады. Ал мен болсам, басын сабақтан алмайтын, жай ғана қатардағы оқушы болдым. Мектеп бітірген соң, басқа қалаға кеттім, үйлендім, қызым дүниеге келді. Алайда арада біраз уақыт өткенде, мен өзімнің жар таңдаудан қателескенімді түсіндім. Әйеліммен некеміз ұзаққа бармады. Түлектер кездесуіне дайындық барысында сыныптастар чаты құрылып, екеуіміз осы топта кездестік. Бір себептермен мен кездесуге келе алмадым, бірақ Айнұрға бірінші болып өзім жаздым. Ол да жауап қайтарды, сөйтіп, аразыма байланыс орнады. Әңгімеміз жарасып жүре берді, кейін кездестік,

екеуімізде де сезім оты лаулап, үйленуге бел будық. Міне, бір жылдан бері бақытты өмір кешіп жатырмыз.

Ал Мереке мен Сәнімнің қосылғанына жеті жыл болған, берекесі ұйыған тату-тәтті шаңырақтарында ұлықты ұл мен қылықты қыз өсіп келеді.

– Біз танысу сайтында бір-біріміздің суретімізге лүпіл басу арқылы табыстық, – деп еске алады Мереке. – Алғашқы жазбалардан-ақ мен Сәнімнің ақылды, мейірімді, байсалды және әзілге жақын екенін түсіндім. Шамамен бір айдан соң кездестік. Мәліметтерде отырдық, шыққан соң ұзақ жүрдік, бәлкім, қаланың жартысын жаяу жүріп өткен шығармыз. Содан кейін мен оны бір сәтке де жанымнан жібергім келмейтінім сезіндім...

Алаяқтың құрбаны болмас үшін

– Облыс аумағы шағын, тұрғындары азырақ болғанымен, интернеттегі алаяқтық саны жыл санап арта түсуде. 2022 жылы алдын алу шараларының арқасында мұндай қылмыстардың саны азайды. Алайда олардың көбі ашылмай қалады, өйткені жасалу схемалары күн сайын өзгеріп жатады. Мысалы, өткен жылы тіркелген 1 084 істің тек 250-і ғана ашылған. Атқарылып жатқан түсінік жұмыстарына қарамастан, халық өздерінің жеке басының мәліметтері мен қаражаттарын аударуды қояр емес, – дейді ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің Ақмола облыстық басқармасының бастығы Ақыл Қарпықбаев.

Тәртіп сақшылары алаяқтардың құрбаны болмау үшін кез келген адамға сене бермеуді, банк карталарындағы мәліметтерді ешкімге айтпауды, алғашқы кездесетін жерді көпшілік орнында таңдауды ескертті.

Интернет арқылы тапқан жаңа танысыңыз сіздің атыңызды айтпаса, басқа желіге өтуді немесе сөйлесу үшін арнайы қосымшаны жүктеуді сұраса, бейнеқоңыраумен сөйлесуді қаламаса, жаңа таныстық туралы ешкімге айтпауды өтінсе, онда сезімге берілмей, жақсылап ойланғаныңыз жөн.

Психолог кеңесі

Психолог Нұрғайша Іңкәрованың кеңесіне құлақ түрсек, жүзбе-жүз кездесуге қарағанда, виртуалды қарым-қатынаста сезімге көбірек ерік беріледі.

– Психологтардың пайымдауынша, желідегі қарым-қатынасқа көп жағдайда шынайы өмірде айналмағандағы жандармен көп араласа бермейтін адамдар жүгінеді екен. Сондықтан кез келген онлайн қарым-қатынастың соңы нақты кездесумен аяқталуы тиіс. Әйтпесе, қиялыңыздағы бейнемен сөйлесіп жүруіңіз ғажайып емес, – дейді Нұрғайша Жолдыбайқызы.

Интернет – қарым-қатынастың қолайлы құралы болғанына қарамастан, қауіпсіздік шараларын естен шығаруға болмайды. Әйтпесе, махаббат хикаяңыз неке куәлігіндегі мөрмен емес, қылмыстық хроникадағы жаңалықпен аяқталуы бек мүмкін.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»



ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Qnet десе, көз алдыма жыланға арбалған торғайдай маңдай терімен тапқан ақ адал ақшасын өз қолымен алаяқтарға беріп, алданып қалған қарапайым халық келеді. Іші-бауырына кіріп, жылы сөзбен алдап-арбап, тіпті қара тізімде тұрған жандарға да миллиондаған несие рәсімдетіп, соның салдарынан шаңырағы ортасына түсіп, балалары жетім қалған отбасылар қаншама? «Әлемді аралап, саяхатқа шығасың, ел көресің, жер көресің» деп тәтті қиялға батырып, қаншама жастың мойнына қарыз іліп кетті?

«Аңқау елге – арамза молда» болып, құқықтық сауаты төмен халықты жалған уәделерімен өздерінің қатарына тартып, қаржысын жымқырып, талай жанды қанқасатқан, тиісті

орғандарға ұстатпай жүрген атышулы халықаралық қаржы пирамидасының құрылымдық бөлімшесі Qnet компаниясының ұйымдастырушылары жуырда Астана және Алматы қалаларында құрықталып, қамауға алынды. Сөйтіп, Қаржы мониторингі агенттігінің аталған қос қаладағы департаменттері мен жергілікті прокуратура органдарының күш біріктіруінің арқасында қызметіне құрық салынған қаржы пирамидасының басшыларына қатысты тергеп-тексеру жұмыстары басталып кетті.

Құзырлы органдардың мәлімдеуінше, бүгінгі таңда компания салымшыларынан түскен түсімнің жалпы сомасы 463 млн теңгені құрап отыр.

Қаржы мониторингі агенттігінің баспасөз қызметі таратқан мәліметке сүйенсек, Qnet –

QI тобының негізгі еншілес кәсіпорны. 1998 жылы негізі қаланған. Бас кеңесі Гонконгте орналасқан, тікелей сатылы мен көп деңгейлі маркетингі пайдаланады. Компания Қазақстан аумағында тіркелмеген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайды, банк қызметі мен банк операцияларын жүргізуге лицензиясы, рұқсаты жоқ. «Qnet» халықаралық компаниясының қызметі желілік маркетинг және электрондық коммерция қызметі түрінде жасырылған. Күдіктілер жеке тұлғалардан тартылған қаражатты кәсіпкерлік қызметке пайдаланбай, «Qnet» қаржы пирамидасының қызметін ұйымдастырған. Схема бойынша ескі салымшыларды жаңа келгендердің жарналары есебінен қайта бөлу және байыту арқылы жүзеге асырылып отырған.

Бірқатар шет елдерде «Qnet» компаниясы қаржы пирамидасы болып танылған. Сондай-ақ, оны ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қаржы пирамидасының белгілері бар компаниялар тізіміне енгізген.

Қаржы мониторингі агенттігі ел азаматтарын қырағы болуға және өз жинақтарын күмәнді қаржы ұйымдарына салмауға шақырады.

«Егер сіз және сіздің жақындарыңыз «Qnet» компаниясының қызметіне тап болса, ҚМА call-орталығына хабарласуыңызды сұраймыз», – делінген агенттік таратқан баспасөз хабарламасында.

А.АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ТАҒЫЛЫМ

Отанға деген сүйіспеншіліктің негізі отбасындағы тәрбиеден бастау алады. Отбасы – шағын мемлекет. Жарасымды жанұя туыстар арасындағы байланысты нығайтуға ғана емес, елдің іргетасы берік, тұғыры мықты болуға қызмет етуі тиіс. Кез келген отбасы материалдық игіліктің маңызынан бұрын, ұрпақ санасына ұлт мұратына қатысты басымдықтарды сіңіре білгенде Отанымыздың болашағы жарқын боларына сенім көміл.

ӘНҰРАНДЫ ЖАТТАП ӨСКЕН БАЛАНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН



Ата-анасының жол көрсетуімен мемлекеттік құндылықтарды бірінші орынға қойған бала Әнұран мен Елтаңбаның да қадірін жастайынан түсінсе керек. Алматы қаласындағы №166 бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Шынар Мәлікқызының айтуынша, тәрбие мекемесінің таңы міндетті түрде Әнұранды айтумен басталады.

– Балабақша табалдырығын аттаған бөбектердің кейбірінің тілі осы жерде шығып, кейбірі алғашқы қадамын тәрбиешілердің сүйемелдеуімен жасап жатады. Балаларды тәрбиелеу, қанаттандыру біздің міндетіміз. Ал осы бүлдіршіндерді еліміздің шын патриоты ретінде қалыптастыруда мемлекеттік рәміздер басты нысан саналады. Балабақшадағы әрбір күн Әнұранмен басталып, барлық мерекелік жиынның, салтанатты шараның шымылдығы Әнұранды шырқаумен түріледі. Әрине, әлі тілі толық шықпаған, енді қадам жасап жүрген бөбектер алғашында бұл әуеннің маңызын, мәнін түсінбеуі мүмкін. Бірақ, уақыт өте келе мемлекеттік рәміз құлаққа сіңіп, баланың санасында мықтап орнығады. Енді осы Әнұранның сөзін толық түсінбесе де, балалар музыка ойналғанда орнынан атып тұрып, оң қолын жүрек тұсына қояды, жатталған шумақтарды айтуға талаптанатын болады. Үлкен топтарға барғанша бөбектердің танымына осылай әсер еткен дұрыс. Үнемі қайталанып, күнделікті жаттанды болғандықтан балалар да уақыт өте келе Әнұранды жатқа айтатын халге жетеді. Бұл кезде біз топтағы бүлдіршіндердің Әнұранға қосылғанына ғана емес, өзі шырқап тұрған әннің маңызын, мағынасын түсіндіруге атсалысамыз, – дейді Шынар Мәлікқызы.

Жалпы, баланың тілі тез шығып, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуі үшін олардың ата-анасы тарихты біліп, тәуелсіздік символдарынан толық хабардар болғаны абзал. Өйткені, балалар өзіне қажетті білімді тек балабақшадан алмайды. Бұл жерде әр сала бойынша бүлдіршіндерге аздаған ақпарат беріліп, әрі қарай сіңіру ата-анасына жүктеледі. Ал Әнұранның сөзі тұрмақ, оның авторлары туралы қарапайым мағлұмат білмейтін ата-ана баласына не үлгі көрсетіп, қандай тәрбие беруі мүмкін? Осыған орай балабақша қызметкерлері мемлекеттік рәміздердің тарихына, танымына қатысты ақпараттарды алдымен ата-аналарға таныстыруға, үлкендердің отаншылдық рухын оятуға күш салады.

Мемлекеттік рәміздер – халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін, еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін нышандар. Оның құдіретін ұғындыру үшін батыр бабаларымыздың Туға, Елтаңбаға деген құрметі туралы толыққанды мәлімет беру маңызды. Тарихтан білетініміздей, еліміздің сыртын жаудан, ішін даудан сақтаған батырлардың өз туы, таңбасы болған. Жорыққа шығарда батырдың жақтастары осы тудың астына жиналып, елтаңбасын тік ұстауға күш салған. Тудың жығылып, таңбаның жерге құлауы – жеңілгенді білдірген. Сондықтан, сарбаздардың рухын сындырмай, жеңіске ын-таландыру үшін ең жүйрік ат мінген, ең жүректі батырға туды төмен түсірмей, көкте желбіретіп ұстау тапсырылған. Осының өзі мемлекеттік рәміздерге деген сүйіспеншіліктің бізде сонау ертеден тамыр тартқанын көрсетеді.

Шынар Мәлікқызының сөзінше, жыл сайын 4 маусым күні балабақшаларда мемлекеттік рәміздер күні аталып өтіледі. Осы мерекеге орай ұжым ата-аналарды арнайы шақырып, рәміздер күнін өткізуді әдемі дәстүрге айналдырған. Шара барысында мемлекеттік рәміздерді қабылдауда назарда ұсталған шарттар, ерекшеліктер көпшілікке таныстырылып, ата-аналарға маңызды деректер мен дәйектер туралы мағлұмат ұсыну жолға қойылған. Айталық, желбіреген аспан түстес байрағымызға халқымыздың асқақ арманы көрсетіліп, қыран бүркіттің кеңге жайылған қанаты арқылы еліміздің еркіндігі, тәуелсіздігі қалайтыны бейнеленгені белгілі. Рәміздерде қолданылған атрибуттар біздің мемлекетіміздің өткені, бүгінгі мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі. Міне, осының бәрін ата-аналардың санасына сіңіру – бүлдіршіндер жүрегінде отаншылдықтың дәнін егумен пара-пар.

Мемлекеттік рәміздердің қадір-қасиетін әрбір жас ұрпақ бойына сіңіру кезек күттірмейді. Себебі, жастарымыз біздің тәуелсіздік төсбелесіне айналған рәміздеріміздің қадірін білсе, оны ешкімнің таптауына жол бермесі анық. Мұндай жағдайда азаматтар көк байрағымызды аяқасты етіп, Елтаңбамызды ескерусіз қалдырады деп алаңдамауға болады.

Алмаз ӘСЕНҒАЗЫ

КИЕ

РӘМІЗ - МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ НЫШАНЫ

Гректің «символ» сөзі қазақ тіліне аударғанда белгі, ерекшелік дегенді білдіреді. «Символ – мәдени құндылықтар мен мағыналарды білдірудің ең ауқымды және маңызды, өнімді және шоғырланған түрі». Кез келген зат, әуен символға айналуы мүмкін. Символдың мәні бар жеке заттың немесе құжаттың артында біз оқиғаларды, мемлекет тарихының барысын көреміз. Сондықтан патриоттық тәрбие беруде символизмге ерекше орын беру керек.

Әр халық өзінің ұлттық-мемлекеттік рәміздерін жасап, құрметтейді. Кез келген мәдениеттің бірлігі оның рәміздерінің ортақ тіліне сүйенеді. Рәміздер адамдарға қатты әсер етеді. Осы ретте тудың шайқаста қалай қорғалатынын, мемлекеттік рәміздер өз азаматтарын өмірдің барлық саласында жетістіктерге қалай шабыттандыратынын еске түсірсек жеткілікті. Елтаңба, Ту және Әнұран әр елдің тарихының көрінісі және бүгінгі күннің болмысын, ел азаматтарының мемлекетке деген патриотизмінің нышаны және халықаралық аренадағы белгісі іспеттес. Рәміздерді әр мемлекет өз таңбасы және музыкалық бейнесі ретінде қолданады. Сондықтан Елтаңбаға, Туға, Әнұранға деген көзқарас мемлекеттің өзіне деген көзқарас болып табылады. Отанға ғана емес, елін, жерін сүйетіндер мемлекеттің рәміздеріне де аса зор құрметпен қарау керек. Мемлекеттік рәміздерді қорлау мемлекетті де, оның халқын да, оның тарихы мен мәдениетін қорлаумен бірдей.

Егемен Қазақстанның рәміздері өткеннің дәстүрін, бүгінгі күннің ағымы мен келешек үмітін тоғыстырды. Азаматтар арасында Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің мәні туралы түсінікті қалыптастыру, оларға құрметпен қарауды дамыту мектепте, жоғары оқу орындарының қабырғасында, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметінде, сондай-ақ, Республиканың мемлекеттік рәміздерімен байланысты азаматтық салт-жораларды жүргізу процесінде іске асырылады. Еліміздің ең маңызды мемлекеттік рәміздері – Елтаңбасы, Туымен таныстыру дәстүрлі түрде мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларды патриоттыққа тәрбиелеу мазмұнына кіреді. Бірқатар білім беру бағдарламаларында мектеп оқушыларын мемлекеттік рәміздермен таныстыру міндеті тиянақты тұжырымдалған. Бастауыш сыныптарда отансүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілікке, туған жерге деген мақтанш сезімін қалыптастыруға арналған сабақтарда

оқушылар мемлекеттік рәміздермен танысады. Мемлекеттік рәміздердің әрбір элементінде үлкен мағыналық жүктеме бар, мемлекеттік рәміздер немесе оның элементтері күнделікті өмірде бізді үнемі қоршап тұрады.

Қазіргі мемлекетіміздің Елтаңбасы мен Туының терең тарихи тамыры бар. Олардың шығу тегі халық шығармашылығымен, табиғат пен ғалам туралы ежелгі мифтік түсініктермен байланысты. Сондықтан мемлекеттік рәміздердің эстетикалық жағын, халық ауыз әдебиетімен байланысын негізге ала отырып, балаларға еліміздің Елтаңбасын, Туын таныстыруды ерте кезден бастаған жөн. Ертегі, ән, фольклорлық бейнелер мектеп жасына дейінгі балаға жақын және қолжетімді. Олардың жарқындығы мен әсемдігі мемлекеттік рәміздерге деген оң көзқарасты қалыптастыруға көмектеседі.

Мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларды мемлекеттік Елтаңбамен және Тумен таныстыру жұмыстарының нәтижелі болуының маңызды шарты – ата-аналардың білімімен тікелей байланысты. Егер әр отбасында, ата-анада қазіргі Қазақстанның Елтаңбасы мен Туының шығу тегі мен бейнелі-рәміздік мәні туралы тиісті түсінік болмаса,

баланың бойында мемлекеттік рәміздерге деген оң көзқарасты қалыптастыра алмаймыз.

Мемлекеттік рәміздердің мәнін ашуға тарих, қоғамтану және әдебиет тағылымдары ықпал етеді. Жоғары мектеп жасындағы балалармен жұмыста Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне тән саяси мағыналары тереңдетіліп, бұл символизмнің тарихи сабақтастығына баса назар аударылады. Рәміздердің саяси-адамгершілік мәнін одан әрі түсіну жоғары сыныпта оқитын оқушылардың азаматтық борыштары туралы түсініктерін кеңейту мен тереңдетуді талап етеді. Мемлекетіміздің рәміздеріне мақтанш пен құрмет сезімін қалыптастыру және нығайту, әңгімелесу мазмұны, сынып сағаттары азаматтарымыздың, жауынгерлердің, спортшылардың еліміздің Туына, Елтаңбасына, Әнұранына деген көзқарасын сипаттайтын фактілер мен эпизодтарды қамтиды.

Рәміздердің тәрбиелік тұрғыдан маңызды қасиеті – олардың синтетикалық сипаты. Мемлекеттік рәміздері құрамдас бөліктердің мызғымас бірлігін танытады. Ел туаетер құндылықтарды рәміздер арасындағы байланыстардың бүкіл жүйесін ескере отырып қарастыру қажет. Рәміздерді қолдануға қатысты осындай оң көзқарас қана студенттердің елді сүйюіне, адамгершілік, құқықтық және патриоттық мағыналарды жан-жақты меңгеруіне мүмкіндік береді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 3-курс студенті

БІЛІМ

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП: ҰЛТТЫҚ ЖОБАДАН ҮМІТ КӨП

Елімізде мектеп тапшылығы мәселесі ушығып, қолданыстағы мектептерде орын жетіспеушілігі сезіліп, кей облыстарда әлі күнге апатты мектептердің болуы өзекті мәселеге айналып отыр.

Нақты статистикаға сүйенсек, тәуелсіздік алған отыз жылдан астам уақыт ішінде еліміздегі мектептер саны тоғыз мыңнан 7,6 мыңға дейін қысқарыпты. Мектептердің қысқаруы негізінен елімізде келешегі жоқ елді мекендердегі шағын мектептердегі оқушылар санының қысқарып, ол мектептердің жабылуына байланысты болып отыр. Ал жалпы республика бойынша еліміздегі оқушылар саны артып, мектеп жетіспеушілігі жыл өткен сайын ушығуда.

Мәселеге алаңдаған мемлекет басшысы да бұл істі шешудің түрлі жолдарын қарастырып отыр. Соның ішінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы нақты осы мәселені шешуді көздейді. Сондай-ақ, оқушылардың мектеп жетіспеушілігі мәселесіне алаңдаған Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев та жемқорлардан тәркіленген қаражаттың мектеп салуға жұмсалатынын айтты. Яғни, соңғы жылдары жемқорлардан қайтарылған қаржы нақты, тек мектеп салуға жұмсалып, еліміздегі осы мәселенің шешілуіне мұрындық болмақ. Өткен жылдың соңына дейін жемқорлардан қайтарылған қаржының жалпы көлемі 500 миллиард теңгеден асқанын, алдағы уақытта триллион теңгеге дейін жеткізу көзделгенін ескерсек, бұл қаржыға талай жайлы, сапалы, заманауи мектептер бой көтеретінін шамалауға болады. Шын мәнінде бұл халқымыз үшін үлкен қуаныш.

Осылайша Мемлекет басшысы «2025 жылға дейін елімізде 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасалатынын» айтты. Демек алдағы үш жылда еліміздегі апатты жағдайдағы және үш ауысымды мектеп мәселесі толық шешіледі деп санауға болатындай. Осы орайда айта кетсек, 2022–2023 оқу жылында мектептегі орын тапшылығы 270 мыңды құрап отыр екен. Оның 174 мыңы қалада, 96 мыңы ауылдарда. Демек осынша бала қазір қысылып қымтырылып, білім алуда.

Жалпы соңғы 10 жылда еліміздегі мектеп оқушыларының саны бір млн балаға өсіп, бала саны 3,7 млн-ға жеткен. Мұндай өсімге қоса ішкі көші қоныс көбеюі мен ескі мектептер санының



өсіп, жарамсыз нысанға айналуы мектеп жетіспеушілігі мәселесін ушықтыра түскен. Енді «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асырудың нәтижесінде бұл мәселе біршама шешімін тауып, 2025 жылдың соңына дейін 842 мың оқушыға арналған жаңа, заманауи, жайлы мектептер ашылады деп күтілуде.

ҚР білім беру ісінің үздігі Ғалия Қайдауылқызы: «бүгін мектеп салмаған ел ертең түрме салады» деген ауырлау сөз бар. Егер біз бүгін балаларымызды барлық жағынан қамтамасыз етіп, заманауи, білімді, жан жақты етіп тәрбиелейтін мектеп салмасақ, ертеңгі күні олардың қалай қалыптасары белгісіз. Сондықтан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы дер кезінде қолға алынды дер едім. Аталмыш жоба аясында мектептер ауылда да, қалада да жаңа бірыңғай стандарт бойынша салынады деп күтілуде. Негізгі қаладағы білім мен ауылдағы білім тең емес деп санауға үйреніп алдық. Бұл ұят. Тіпті, грант бөлетін кезде де солай есептеп жатады. Балл жинаған тұлғаларға қарағанда ауыл мектебінің күрескіші төмендеуі болып тұрады. Мұны көрген соң кім ауылда оқығысы келеді?! Бұл дұрыс емес. Ауыл баласының білімі қаладағы кез келген мектептің білімімен тең дейтін дәрежеде болуымыз керек. Балаларды бұлай алалау олардың өзіне деген сенімсіздігін қалыптастырады, сағын сындыратын жағдай. Сондықтан алдағы уақытта «Жайлы мектеп» осы олқылықтың орнын толтырар деген үміттеміз. Ең алдымен осыған қуанып отырмын. Осы ұлттық жоба аясында

бастауыш және жоғары сынып оқушылары мектепте бөлек блоктарда оқиды деп күтілуде. Әр блокта оқу кабинеттері, дәретханалар, спорт залдар болады. Балалар үшін бейнебақылау, дыбыстық хабарлау және басқа да күшейтілген қауіпсіздік шараларын орнату көзделіп отырғаны да бір қуаныш. Оқушыларға ыңғайлы болу үшін оқу құралдарын сақтауға, ауыстырып киетін киімге арналған жеке шафтар, сондай-ақ, кітап оқуға, балалардың шығармашылық дамуы мен демалуына тиісті жағдайлар қарастырылған мектепте әрбір бала оқығысы келері анық. Мектептер физика, химия, биология және робототехника пәндері бойынша заманауи кабинеттермен де жабдықталады деп күтілуде. Мұндай мектептерде ерекше білім алуды қажет ететін балаларға да тиісті жағдайлар жасалады. Әйтпесе, қазіргі таңда табалдырығы биік кейбір мектептерде қоларбамен жүретін балалар қиналуда. Спорт залдар мәселесі де оң шешілді. Қазір 1,2 мыңдық орындық мектептерде тек бір ғана спорт зал бар. Ал таңғы сағат 8-ден кешке дейін дене шынықтыру сабағы бір уақытта бірнеше сыныпқа өткізіледі. Жайлы мектептерде жобалық қуатына қарай бірнеше спорт залдар болады, ғаламторға қосылудың барлық мүмкіндігі қарастырылады делінуде. Сондықтан осындай мектептер жедел көбейсе балаларымыздың біліміне алаңдамас едік. Білімді, жан жақты ұрпақтар көбейіп, олардың бос уақытын тиімді шешуге де мүмкіндік туар еді» дейді.

Еркенұр ҚОНЫСБАЙ

САРАП

ҰЖЫМДЫҚ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ: СОТҚА ДЕЙІН РЕТТЕУ ТӘРТІБІНДЕГІ ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР

Соңғы уақытта ұжымдық еңбек даулары жиілеп, елімізде әлеуметтік шиеленістер туғызады. Әрине, кез келген дауды ушықтырмай, мейлінше сотқа жеткізбей шешудің пайдасы орасан.

Жұмыскерлер еңбек кодексінде көзделген мерзімдер, рәсімдер мен талаптар ескерілмей, сақталмағандықтан ереуіл жариялау туралы шешім қабылдайды, ал жұмыс берушілер ереуілді заңсыз деп тану туралы талап қою арызымен тікелей сотқа жүгінеді.

Сонымен қатар, кейбір жұмыс берушілер ұжымдық еңбек дауларын сотқа дейін реттеу тәртібін сақтамай, сотқа ереуілді заңсыз деп тану туралы арызымен жүгінеді, алайда сот ҚР Азаматтық процестік кодексінің 152-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сай талап қоюшы істердің осы санаты үшін заңда белгіленген немесе тараптардың шартында көзделген дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу тәртібін сақтамағандықтан талап қою арызы кері қайтарылады.

Еңбек кодексінің 164-бабының 1-бөлігіне сай, ұжымдық еңбек даулары мынадай реттілікпен шешіледі: жұмыс беруші (жұмыс берушілер бірлестігі, қауымдастығы, одағы дауды шешу мүмкін болмаған жағдайда – татуластыру комиссиясы, онда келісімге қол жеткізілмеген кезде – еңбек төрелігі, ол реттемеген мәселелер бойынша – соттар қарайды.

«ҚР кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 15 ақпандағы № 199-VII санды заң қабылданды. Алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік ал-

пыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Еңбек кодексінің 163-бабының 1-бөлігіне сәйкес, ұжымдық еңбек дауы еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша осы кодекстің 164-бабына сәйкес ресімделген жұмыскерлердің талаптары туралы жұмыс берушіні хабардар еткен күннен бастап туындаған деп есептеледі. Жұмыс беруші жұмыскерлердің қойған талаптарын – оларды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, жұмыс берушілер бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) бес жұмыс күнінен кешіктірмей қарауға және оларды шешу үшін шаралар қабылдауға, ал көрсетілген мерзімде шешу мүмкін болмаған кезде, туындаған келіспеушіліктерді одан әрі қарау үшін өз өкілдерін көрсете отырып, өздерінің шешімдері мен ұсыныстарын жұмыскерлерге жазбаша түрде жеткізуге міндетті.

Жұмыс беруші, жұмыс берушілер бірлестігі жұмыскерлердің талаптар қою жөнінде жиналыс өткізуге кедергі келтіретін қандай да болсын араласуға бармауға міндетті. Жұмыскерлер жиналысы, егер оған ұйым жұмыскерлерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп танылады. Конференция, егер оған хаттамалық шешімдерге сәйкес жұмыскерлер сайлаған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп танылады.

Еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мақсатында Еңбек кодексінің 164-бабының 2-тармақтың төртінші бөлігіне жұмыскерлер ұсынысхан талаптарды қатысушылардың жұмысынан

астамы қолдап дауы берсе, олардың жиналысының (конференциясының) шешімі қабылданды деп есептеледі. Жұмыскерлер жиналысын (конференциясын) өткізу мүмкін болмаған кезде жұмыскерлердің өкілді органының өздері ұсынған талаптарын жұмыскерлердің үштен екісінің орнына жартысынан астамының қолдап қойған қолтаңбасын жинап, өз шешімін бекітуге құқығы бар деп жазумен өзгеріс енгізіледі.

Дегенмен, жұмыскерлердің талаптары өзара жиналыста реттелмеген жағдайда алдымен дау келісім комиссиясының назарына ұсынылады. Яғни, келісім комиссиясы құрылу ұжымдық еңбек дауын сотқа дейін реттеудің міндетті сатысы болып табылады. Татуластыру комиссиясы жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің тең санынан тепе-теңдік негізде тараптардың бірлескен шешімімен құрылған орган болып табылады. Татуластыру комиссиясы құру туралы шешім жұмыс беруші, жұмыс берушілер бірлестігі өз шешімін жұмыскерлердің назарына жеткізген не хабарламаған не ұжымдық келіссөздер барысында келіспеушіліктер хаттамасын жасаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданады. Ұйымда жұмыскерлердің бірнеше өкілдері болған кезде, олар комиссия жұмысына қатысу үшін біріншілік өкілді орган құрады.

Татуластыру комиссиясында келісімге қол жеткізілмеген кезде оның жұмысы тоқтатылады, ал дауды шешу үшін еңбек төрелігі құрылады. Еңбек төрелігін ұжымдық еңбек дауының тараптары татуластыру комиссиясының жұмысы тоқтатылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құрады.



Бауыржан ТОҚБАЕВ,
Жаңаөзен қалалық сотының төрағасы

2023 жылғы 18 сәуірден бастап ҚР Еңбек кодексіне өзгерістер енгізіледі, яғни, Еңбек кодексінің 166-бабына сәйкес еңбек төрелігін бес жұмыс күні орнына екі күн ішінде құрады. Еңбек төрелігі мүшелерінің саны, оның жұмыс беруші өкілдері мен жұмыскерлер өкілдерінің қатарынан дербес құрамы, еңбек дауын қарау тәртібі тараптардың келісімімен тепе-тең негізде айқындалады. Еңбек төрелігі кемінде бес адамнан тұруға тиіс. Еңбек төрелігінің құрамына мемлекеттік еңбек инспекторы, әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі ұшжақты комиссияның өкілдері кіреді. Әлеуметтік әріптестік тараптарының мүддесін білдіретін ұшжақты комиссия мүшелері еңбек төрелігінің құрамына тепе-тең негізде кіреді. Еңбек төрелігінің шешімі ол құрылған күнінен бастап бес жұмыс күні орнына жеті жұмыс күнінен кешіктірмей төрелік мүшелерінің қарапайым көпшілік

дауысымен қабылданады. Сонымен қатар, Еңбек кодексінің 166-бабы 5-1-тармақпен толықтырылады, яғни, енді еңбек төрелігі ұжымдық еңбек дауын қараған кезінде жұмыскерлер осы кодекстің 176-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сағаттық ескерту ереуілін бір рет өткізуі мүмкін, оған елуден аспайтын жұмыскер қатыса алады. Еңбек төрелігіне қатысатын жұмыскерлердің өкілдері сағаттық ескерту ереуіліне қатысатын жұмыскерлерге оның ұзақтығы бұзылған жағдайда заңдарда белгіленген жауаптылығы туралы ескертуге тиіс. Жұмыскерлер жұмыс берушіге сағаттық ескерту ереуілінің басталуы туралы жазбаша нысанда үш жұмыс күнінен кешіктірмей ескертуге тиісті.

Еңбек кодексінің 170-бабының 1-тармақшасы жаңа редакцияда көзделген, яғни, жұмыс беруші жұмыскерлердің осы кодекстің 164-бабының 3-тармағына сәйкес ресімделген талаптарын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұжымдық еңбек дауының туындағаны туралы, ол түпкілікті шешілгенге дейін ахуал туралы кейіннен алта сайын хабардар ете отырып, еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органды хабардар етуге міндеттелген. Еңбек төрелігінің шешімі белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда, тараптардың дауды шешуін сот тәртібімен жүзеге асыруға құқылы.

Осыған орай, ұжымдық еңбек даулары талап қоюшымен осы санатты істерді заңда белгіленген дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу тәртібін сақтау үшін, Еңбек кодексінде көзделген мерзімдер, рәсімдер мен талаптар тиісті орындалу үшін, ұжымдық еңбек даулары бойынша өндіріс ұжымдарымен сотқа дейін дауды шешу мақсатында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ТАРАТУ

2. «ОРАЗАЙ АТА» ЖШС (БСН 151040010801) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, 146 үй.

5. «Game PRO (ГЕЙМ ПРО)» ЖШС, БСН 151240015939 (Қазақстан, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 169 үй, 8), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 17/1 үй, 8 қабат. Тел.: 87719930202.

8. «К-ВЕКТАС» ЖШС, БСН 200140010705, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, орам 190, үй 4003, пошта индексі 160023.

10. «Стройдомсам» ЖШС (БСН 170440022424) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ақан Сері көшесі, 92А ғимарат.

11. «High Alkin Group» ЖШС, БСН 220940027603, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Жұбан Молдағалиев көшесі, 6/2, 54 п, тел.: 87473566588.

15. «Тарбағатай мұрасы аймақтық даму орталығы» қоғамдық бірлестігі, БСН 150540020241, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Ақсуат ауданы, Бейбітшілік көшесі, 15 үй.

16. «Good Panda» ЖШС (БСН 160740024053) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, А.Куприн көшесі, 1А үй, тел.: +77088008828.

17. «Archetype Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 130540005887, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Несиегерлердің талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050012, Алматы ауданы, Амангелді көшесі, 59А үй. Тел.: +7777112368.

ӨРТҮРЛІ

3. «Print House Geron» ЖШС (БСН 050740008188) жарғылық капиталының 250 000 (екі жүз елу мың) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Помяловский көшесі, 29а/1 үй.

6. Алматы қаласы МАЭС-ның 16.03.2023 ж. ұйғарымымен «SATA FILM» ЖШС-не, БСН 030640009035, қатысты оңалту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 176 үй, екі павильонды блок ғимараты, литер Г, 3 қабат, тел.: +77017543010; +77775837511.

7. «БҚО әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» ЖШС, БСН 010740002558, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 179 үй.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агентігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.
ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.
«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкін көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.
ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

БАҚ - та жариялау үшін ақпарат (мемлекеттік қызметтер бойынша мақала)

«Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ табиғи ресурстар және экологиялық реттеу бөлімімен мемлекеттік қызметтердің келесі түрлері көрсетіледі:

– «II санаттағы объектілерге әсер етуге экологиялық рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;

– «Жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (оған мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларын беру және III санаттағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларын беру кіреді).

Экологиялық сараптама деп экологиялық сараптамаға ұсынылған құжаттаманың Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкестігін белгілеуге бағытталған және осындай құжаттаманы іске асырудың халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға ықпал етуіне қолайсыз әсерлерінің алдын алу, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздерін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын сараптамалық қызмет түсініледі.

Экологиялық рұқсат-дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қоршаған ортаға теріс әсерді жүзеге асыру құқығын қуаландыратын және қызметті жүзеге асырудың экологиялық жағдайларын айқындайтын құжат.

Экологиялық рұқсат I және II санаттағы әрбір жеке объектіге беріледі.

III санаттағы объектілерді пайдалану жөніндегі қызмет қоршаған ортаға әсері туралы декларация берілген жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.

Өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру электрондық (толық автоматтандырылған) арқылы жүзеге асырылады:

– «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.evog.kz, www.elicense.kz.

Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті тіркеген сәттен бастап «II санаттағы объектілерге әсер етуге экологиялық рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: рұқсат беру – 30 (отыз) жұмыс күнінен аспайды;

рұқсатты қайта рәсімдеу – 5 (бес) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

Рұқсат алу үшін:
1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі –

ЭЦҚ) куәландырылған II санаттағы объектілер үшін электрондық түрде әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтініш;

2) көзделіп отырған қызметке қатысты – II санаттағы объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасы;

3) қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды не қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауды жүргізу қажеттігін жоқтығы туралы қорытындыны қамтитын көзделіп отырған қызметтің әсерлерін скринингтеу нәтижелері туралы қорытынды;

4) қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауға жатпайтын қызмет түрлері бойынша оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау материалдары;

5) эмиссиялар нормативтерінің жобасы;

6) қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы;

7) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы;

8) әсер етуге экологиялық рұқсаттың қолданылу кезеңіне арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы;

9) күкірт карталарында күкіртті ашық түрде орналастыру нормативтерінің жобасы (көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде).

II санаттағы объектілерге әсер етуге экологиялық рұқсатты қайта рәсімдеу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған эмиссияларға кешенді экологиялық рұқсатты электрондық түрде қайта рәсімдеуге өтініш;

2) өзіне қатысты қайта рәсімделетін кешенді экологиялық рұқсат берілген объектіге (объектілерге) меншік құқығының ауысқанын растайтын құжат.

«Жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларын беру» мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті тіркеген сәттен бастап: мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру – 30 (отыз) жұмыс күні ішінде; оның ішінде дәлелді ескертулерді 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жіберу; көрсетілетін қызметті алушының дәлелді ескертулерді алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде псықталған материалдарды ұсынуы.

Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының

ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық түрдегі мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізуге арналған өтінішді;

- Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысының міндетті түрде болуы көзделген экологиялық рұқсатты талап етпейтін қызмет түрлері үшін жобалау құжаттары болған жағдайда:

- электрондық құжат нысанында жобалық құжаттар.

Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті тіркеген сәттен бастап:

III санаттағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру-15 (он бес) жұмыс күні ішінде; оның ішінде дәлелді ескертулерді 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жіберу; көрсетілетін қызметті алушының дәлелді ескертулерді алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде псықталған материалдарды ұсынуы.

Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық түрде III санаттағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге арналған өтінішді;

- III санаттағы объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасы және қоршаған ортаға әсері туралы декларацияны дайындау кезінде қажетті өзге де жобалау құжаттары болған жағдайда:

- электрондық құжат нысанында жобалық құжаттама;

Мемлекеттік қызметтер көрсетілетін қызметті алушыларға тегін беріледі.

ҚР 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық кодексінің 96-тармағына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптама жүзеге асыру процесінде қоғамдық тыңдаулар өткізу міндетті болып табылады. Мемлекеттік экологиялық сараптама шеңберінде қоғамдық тыңдаулар Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес өткізіледі. (Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 286 бұйрығы).

Толық ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіден 56 81 66, 56 41 27 телефондары арқылы алуға болады.

**Табиғи ресурстар және экологиялық реттеу бөлімінің басшысы
Омарова Сауле Турсуновна**

МҰРАГЕРЛІК

4. 04.12.2022 жылы қайтыс болған Хажиметов Рашид Абдулаевичтің; 16.10.2022 жылы қайтыс болған Сейдалиева Жанат Кабылбековнаның және 10.02.2023 жылы қайтыс болған Алибаев Алисейт Кульбаевичтің аттарынан мұралық істер ашылғандығын хабарлаймын. Мұрагерлердің Түркістан қаласының нотариусы Балтабаева Алия Оралбаевнаға хабарласуын сұраймын. Кеңесі Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 180 ғимаратта орналасқан. Тел.: 87718175589.

12. «AUTO SIYLIQ FINANCE» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 220240035629, өзінің орналасқан жерінің келесі мекенжайға өзгергені туралы хабарлайды: Алматы қаласы, Алматы ауданы, «Cascade center» бизнес орталығы, Сейфуллин даңғылы, 404/67 үй, т.е.б. 3, пошта индексі 050016, телефон 8700888588.

13. Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 27 наурыздағы ұйғарымымен «Күлан-Кемір» ЖШС-н оңалту бойынша іс қозғалды, БСН 060840006761. Барлық сұрақтар бойынша мына заңды мекенжайға хабарласу қажет: Қарағанды қаласы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Молоков көшесі, құрылыс 100/10.

14. Қостанай қалалық сотында Қостанай қаласы, Бородин көшесі, 144 үй, 69 пәтердің тұрғыны, арыз беруші Галина Владимировна Кругликованың 10 қытайдан 1969 жылы Қазақстан Республикасы Қостанай облысы Қостанай қаласында туылған, ұлты орыс, соңғы тұрғылықты мекенжайы: Қостанай қаласы, Бородин көшесі, 144 үй, 69 пәтер, Александр Владимирович Кругликовты қайтыс болды деп тану туралы арызымен азаматтық іс қозғалған. Александр Владимирович Кругликовтың қайтыс болғаны туралы мәліметтерді білетін тұлғалар осы хабарландыру жарияланғаннан кейін үш айдың ішінде Қостанай қаласы, Победа көшесі, 72 үйде орналасқан Қостанай қалалық сотына хабарлауы қажет.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директор Қривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме

СУИЦИДТИҢ АЛДЫН АЛ!

ЖАҚЫНЫҢНАН ЖЫЛЫ СӨЗДІ АЯМА!

Адам үшін өз өмірінен қымбат нәрсе жоқ. Десек те, ай мен күннің аманында өз-өзіне қол салушылар қатары азаймай отыр.



Ресми деректерге сүйенсек, Қазақстан өлім-жітім көрсеткіші бойынша 229 елдің ішінде 85-орында. Бұлардың қатарында түрлі аурулар, жазатайым оқиғалар, т.б. жағдайлар бар, әйтсе де суицидтің белең алып тұрғаны ашы шындық. Дүниежүзілік денсаулық ұйымы жасөспірімдер мен жастар арасындағы қайғылы жағдайдың әрбір екінші себебі суицидпен байланысты екенін жоққа шығармайды.

Психологтар мен суицидологтар, т.б. мамандар бұл дертпен күрес шаралары кешенді түрде жүргізілуі қажеттігін айтады. Өйткені, өз-өзіне қол жұмсауды бір ғана жайтпен байланыстыруға болмайды, оның себебі көп. Мысалы, ҰБТ кезінде баланың күйзеліске түсу ықтималдығы артып, емтиханнан өтпей қалу қорқынышы оны түрлі жағдайға ұшыратуы мүмкін. Сондықтан, оларды ата-аналары әрдайым қолдап, оқуға түсе алмай қалу өмірдің соңы еместігін ұғындыруы керек. Ата-ана қандай

жағдайда да бірге екенін білдірсе, балаға өмірдің кез келген сынағын көтеру жеңіл.

«Жақсы сөз жараны да жазады» демекші, суицидтен адамды жылы сөздің құдыретімен сақтауға болатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Мысалы, өз жанын қию үшін түрлі әрекетке оқталғандарды сенім телефонының мамандары, сондай-ақ, полицейлер, т.б. сөйлесу арқылы райынан қайтаруда. Мұның өзі шешімі жоқ дүние болмайтынын көрсетеді. Суицид жасауға тырысқандармен арнайы мамандардың үнемі байланыста болуы маңызды. Сонымен қатар, әрбір адамның қасындағы жақындарына жанашырлық сезімімен қарауы суицидтің алдын алуда ең тиімді шара болары анық.

Жасөспірімдік және жастық шаққа сәйкес келетін суицидтің себебі, адамның қоғамға ілесе алмай қалуы, яғни, өзін қатарластарынан кем санауы. Психолог мамандар соңғы кездері студенттердің жиі қоңырау шалатынын алға тартып отыр. Олар қаржылық жетіспеушілік, сыртқы келбетке көңіл толмау, айналасындағылармен тіл табыса алмау, сабаққа үлгермеу, жауапсыз махаббат, т.б. бір сөзбен айтқанда өзіне тән қажеттіліктерге қол жеткізе алмағандықтан өмірден баз кешкендерін айтқан. Мысалы, 17-18 жастағы бойжеткеннің қалауы әдемі киініп, әдемі болып жүру, дос-жарандарының алдында өзін жоғары

сезіну. Алайда, өмірде барлық нәрсе адам қалағандай бола бермейді. Қажеттілігін қанағаттандыра алмау адамды күйзелтіп, теріс ойға итермелейді.

Жастар табысты жұмысқа тұрып, материалдық жағдайларын жақсартуды, өмірлік жарларын жолықтыруды мақсат етеді. Осы қажеттіліктерге қол жеткізе алмаған кезде шаршап, ары қарай жүресе алмай қалады. Мысалы, тез байығысы келетіндер ойынқұмарлыққа салынады. Ұтылып әбден қарызға батады. Әке-шешесіне, басқаларға айтуға намыстанып, күйзеліске түседі.

Мақсатына жете алмаған адамның бойында өз-өзіне, өзгелерге деген реніш, сенімсіздік, өзін кінәлі сезіну, қандай да бір психикалық ауытқулар басталады. Ал кейбір адамдар суицидке талпыну арқылы басқаларды жазалағысы келеді. Айналасындағылар өзінің қадірін білсе, жақсы көрсе дейді.

Суицидтің алдын алуда ең алдымен кәсіби мамандар қатарын көбейтуге мемлекеттік деңгейде көңіл бөлінуі керек. Өйткені, мамандарсыз бұл дерттің алдын алу мүмкін емес. Сондай-ақ, бұл мәселеде әлеуметтік жағдайды жақсартудың маңызы зор.

Сіз не дейсіз?

Меруерт Шайхова, Алматы қалалық психикалық денсаулық орталығының психологі:

Кәсіби мамандарсыз мәселе шешілмейді

Суицид – бұл адамның саналы түрде өзінің өмірін қиюға деген шешім қабылдауы немесе соны жүзеге асыруы. Суицидтің түрлері мен себептері, факторлары өте көп. Олар шынайы және демонстративті болып келеді. Шынайы суицид адамның нақты шешім қабылдауы. Демонстративті суицид өзгелердің көңілін өзіне аударту, яғни, басқаға деген ренішін жеткізу мақсатында болады.

Суицид 15 пен 30 жастағылар арасында белең алып тұр. Мысалы, біздің дағдарыс жағдайындағы сенім телефонына қоңырау шалып жатқандардың басым көпшілігі осы жас аралығындағылар.

Жасөспірімдер суицидтік ниеттерін әртүрлі әрекеттерімен білдіргенімен, мамандар көмегіне өздігінен жүгінебейді. Оларды мамандарға ата-аналары, мұғалімдер, т.б. ересектер әкеледі. Ал, кәмететтік жасқа толғандар өздері ізденіп, одан шығу жолдарын қарастыра алады.

Адам тығырықтан шығудың әртүрлі жолын іздеп, әбден қиналған кезде гана соңғы қадамға барады. Қиыншылық барлық адамның басында бар, бірақ, оған он адамның ішінде біреуі қадам жасауы мүмкін. Себебі, өмірін қиюға итермелеген мәселе ол адам үшін айрықша маңызды. Суицид жасағысы келетіндер көбінесе жақындарымен нашар қарым-қатынаста екенін айтады. «Ата-анамнан, баламнан, сүйгенімнен айырылдым, оларсыз маған өмірдің мәні жоқ» деп хабарласатындар да көп.



Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ, «Заң газеті»

МІНБЕР

Тәуелсіздікпен бірге қайта жаңғырған сот жүйесінің кешегі тарихы мен бүгінгі дамуы көз алдымызда. Бүгінде сот жүйесінде іргелі реформалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, заң-ережелер, бағдарламалар тұрақты жетілдіріліп келеді. Оның үстіне, Мемлекет басшысы да азаматтар құқығын қорғау мәселесіне айрықша мән беріп, әр жолдауынан сот жүйесіне қатысты өзекті мәселелерді сырт қалдырған емес.

Айталық, мемлекетімізде алқабилер институтының енгізілуі сотқа деген сенімді күшейтсе, мамандандырылған соттардың бой көтеруі сот актілерінің сапасын арттырды. Одан бөлек, судьяларды іріктеу талаптары қатаңдатылып, Судьялық әдеп кодексі қабылданды. Сондай-ақ, би-шешендер салған сара жол қайта жаңғырып, медиация институты қанат жайды. Қазіргі таңда сот жүйесі толығымен сандық жүйеге көшіріліп, азаматтар үйінен не кеңсесінен ұзамай-ақ сотқа талап қою, өтініштерін беріп, сот процесі-

ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМА СОТҚА ДЕГЕН СЕНІМДІ НЫҒАЙТТЫ

не қашықтан қатысуға мүмкіндік алып отыр.

Ал, сот жүйесін жетілдіру мақсатында іске қосылған «Сот төрелігінің 7 түйіні» бағдарламасы салаға жаңаша серпін берді. Соның нәтижесінде фронт-кеңселер мен құқықтық қызмет көрсету орталықтары келушілерге барлық қажетті деген қызметті «бір терезе» қағидаты арқылы жедел әрі сапалы ұсынууда. Сот актілерінің жаңа форматы енгізіліп, қарапайым әрі түсінікті тілде жазылып, түсіндірілген сот актілері тараптардың сотқа деген сенімін нығайтты. Әлеуметтік желі арқылы соттар мен қоғам арасында ашық диалог орнап, көпшіліктің сот қызметіне қатысты туындаған сұрақтарына жедел әрі нақты жауап беру қолға алынды. Одан бөлек, соттар қоғам қызығушылығын туғызған істер бойынша да ақпараттарды уақытылы таратып келеді.

Республиканың түкпір-түкпірінен ашылған 47

Татуласу орталығы мен 413 Билер кеңесі даулардың бітіммен бітуіне жол ашты. Сонымен қатар, әкімшілік әділет жүйесінің жұмыс істеуі қоғамға түбегейлі жаңашылдық алып келді. Аталған институт мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастыра білді. Заңнамадағы барлық қайшылықтар мен көмескіліктер азаматтар мен бизнестің мүддесіне орай түсіндірілетіні заң жүзінде қамтамасыз етіліп, артық сот үдерістері қысқартылды. Әрине, бұл айтылғанның бәрі сот жүйесіндегі өзгерістердің бір бөлігі ғана. Осындай игілікті бастамалар бұдан әрі де жалғаса бермек.

Арыстанбек БЕКБОЛАТОВ, Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы

ҚҰНДЫЛЫҚ

ОТБАСЫЛЫҚ ДАУЛАРДЫ МЕДИАЦИЯМЕН ШЕШКЕН ТИІМДІ

Отбасылық дауларды шешуде медиацияның маңызы зор. Қоғамның негізгі буыны болып табылатын отбасы, оның мүшелерінің арасындағы даулар азаматтық істердің басым бөлігін құрайды. Статистикаға сүйенсек, елімізде әрбір үшінші неке ажырасумен аяқталады. Шаңырақтың шайқалуы әрі қарай ортақ мүлікті бөлу, алимент өндіріп алу, балалардың тұрғылықты жерін айқындау, бөлек тұратын ата-анасының баламен араласу тәртібін анықтау, ата-ана құқықтарынан шектеу, айыру секілді дау-дамайға ұласып жататыны жаңалық емес. Отбасылық мәселелерді медиацияны қолдану арқылы шешу – отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, олардың моральды түрде шаршауын болдыртпау, жанжалды азайту, бір-біріне кешірім жасау, ата-аналар мен балалар арасындағы татулықты сақтау, материалдық шығындардан арлу, уақыттарын үнемдеу тағы басқа оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретіндіктен өте тиімді тәсіл. Ерлі-зайыптылар, жақын туыстар арасындағы түсініспеушіліктер мен ұрыс-керістер бірінші ретте сол отбасындағы балалардың психологиясына кері әсер ететінін ескерсек, бұл мәселені бейбіт түрде шешу, медиация институтының әлеуетін дұрыс пайдалану – ең тиімді, ең қажетті шешім.

2022 жылдың басынан бастап Азаматтық процесстік кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес судья талап қою арызы сот өндірісіне түскеннен кейін тараптарды шақыртып, татуласу рәсімін жүргізіп, сотқа дейінгі хаттама негізінде дауды қандай шарттарда бітімгершілікпен аяқтауға болатынын айтып, ұсыныстарды қарастырады. Медиацияның тиімділігін білген соң соңғы уақытта отбасылық келіспеушілікке татуласу арқылы нүкте қоюға ынта танытатындар саны көбеюде.

А.ЕСНИЯЗОВА, Ақтөбе облысы кәмететке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе бас маманы

КӨЗҚАРАС

Азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу тәртібі Ата Заң мен конституциялық заңдарда және Азаматтық процесстік кодексте айқындалған. Азаматтық іс жүргізу құқығы – азаматтық істерді сотта қараудың және шешудің тәртібін, соттардың, басқа да кейбір органдардың қаулыларын орындау тәртібін реттейтін құқық саласы болып табылады. Сондай-ақ, бұл заңның нормалары соттың және процесстің барлық қатысушысының қызметін реттеп, олардың құқықтары мен міндеттерін анықтап, сот мәжілісін жүргізудің тәртібін белгілеп береді.

Осы орайда, азаматтық процеске қатысатын адамдар басқа адамдардың құқықтарын теріс пайдаланбай, өзгелердің мүдделерін бұзбай, өздеріне тиесілі барлық процесстік құқықтарды адал пайдаланып, істерді қарау мен шешу мерзімін қасақана созуға жол бермеуге тиіс. Сондай-ақ, заң нормаларына сәйкес, іске қатысу түрлі техникалық байланыс құралдары арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін.

Жалпы іске қатысатын әрбір адам істің нақтылы мән-жайлары туралы сотқа толық әрі шынайы мәлімдеуге, сөз сөйлеуге немесе сотқа екінші тарап растаған фактілерді теріске шығаратын жазбаша құжаттар ұсынуға міндетті.

ӨЗГЕГЕ ЖАСАҒАН ІЗЕТИҢ – ӨЗІҢЕ ЖАСАҒАН ҚҰРМЕТІҢ

Іске қатысатын тұлғалар сот отырысына келмеу себептері туралы сотқа алдын ала хабарлауға, күтпеген және төтенше жағдайларға байланысты себептердің дәлелді екендігіне дәлелдемелерді ұсынуға міндетті. Іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі сот отырысына келмеген жағдайда, олардың тиісті түрде хабарландырылғаны туралы мәлімет жоқ болса, істі талқылау кейінге қалдырылады. Кейбір жағдайларда тәжірибеде іске қатысатын тараптар сотқа тиісті шақыру қағазы жіберіліп, хабарланса да сотқа дәлелді себептерсіз келмей, төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбай, сотта белгіленген қағидаларды бұзатын жағдайлардың куәсі болып жатамыз. Мұның барлығы сот отырыстарын уақытылы өткізуге кедергі келтіріп жатады.

Осы ретте дәлелді себептерсіз аталмыш талаптардың сақталмауы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 653-бабында көзделген жауапкершілікке әкеп соғатынын ескерген жөн. Ал, егер сот отырысында тәртіп бұзушының әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық белгісі болса, қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Азаматтық процесстік кодекстің

120-бабына сәйкес, сот отырысында сотқа құрметтемеушілік білдіру фактісі анықталғандығы туралы судья құқық бұзушыға дереу сот отырысында жариялап, факт сот отырысының хаттамасында тіркеледі. Егер сотқа құрметтемеушілік сот отырысында білдірілсе және тәртіп бұзушы сот отырысының залынан шығып кеткен жағдайда, сондай-ақ, егер сот отырысына келуден жалтару белгіленсе, сот приставы немесе соттың өзге жұмысскері сот төрағасының немесе сот отырысына төрағалық етушінің ауызша өкімі бойынша құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды. Одан әрі хаттама қажетті материалдармен бірге сотқа жіберіледі.

Мәселен, былтыр өңірде сотқа құрметтемеушілік фактісі бойынша 3 іс қаралып, 1 тұлғаға ескерту берілсе, 2 тұлғаға айыппұл салынған. Сондықтан, сот залында жалған сөйлеп, шындыққа жанаспайтындай жалған куәгерлік ету – сот пен заңды сыйламау болып табылады. Жалпы, мәселе түйінінің сотқа келмеу немесе сотты балағаттаумен шешілмейтінін ескергеніміз абзал.

Марал СЕЙТОВА, Ақтау қаласы №2 сотының судьясы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айнур СЕМБАЕВА
Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА

Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шығыс Қазақстан Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Нұрлыбек
Қазақстан Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklama@zangazet.kz

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5515 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №46 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31